№110 (792)
26 маусым, сейсенбі
2012 жыл

Алаш айнасы

Республикалық қоғамдық-саяси ақпараттық газет

ISSN 2076-0639

www.alashainasy.kz
e-mail: info@alashainasy.kz

Алматы
+27..+29° C
+17..+19° C

Астана
+32..+34° C
+19..20° C

ЭКОНОМИКА АЙНАСЫ

ДОЛЛАР 149,22	ЕВРО 186,55
РУБЛЬ 4,50	ЮАНЬ 23,45
EUR/USD 1,24	DJIA 12640,78
RTSI 1265,29	KASE 972,72
BRENT(ICE) 90,09	GOLD(NYMEX) 1566

Астана уақытымен сағат 18:00 бойынша

АҢДАТПА

Әлемдегі ең мықты жел-электр стансысы – ҚАЗАҚСТАНДІКІ

4 -бетте

«ЖАУЖҮРЕК МЫҢ БАЛА» – ерліктің жаңаша дастаны

5 -бетте

«Испандық ойын өрнегімен» аутсайдерді жеңе алмады

7 -бетте

дедім-ай, ау!



Владимир ПУТИН,
Ресей Президенті:

– Рубльдің бағамы қимылдап жатса, демек, ол тірі болғаны.

(interfax.ru сайтынан)

Қазынамызды қашанғы қоқысқа көмеміз?

Абай ОМАРОВ (коллаж)

2015 жылы Атырауда ауаға тасталатын зиянды шығарындылар мөлшері екі есеге артады. Бұл экологиялық ахуалы асқынып тұрған аймақ үшін ақырғы үкіммен бірдей. Облыстық прокуратурадағы экология мәселесіне арналған үйлестіру кеңесінде облыс әкімінің бірінші орынбасары Болат Дәукенов Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің құзырындағы рұқсат беру қызметін жергілікті экология департаментіне беру керек деген ой айтты. Дұрыс ұсыныс, себебі Сарыарқаның саф ауасын жұтып отырған министрліктегілер есептегі көрсеткіштерге ғана елеңдеп, алыстағы Атырауда нендей жайттар болып жатқанын аңдай бермесі анық. Қоршаған ортаға қауіп төндіретін мұнай-газ кәсіпорындарының санитарлық-қорғаныс аймағының шекарасын да қайта қарайтын кез жетті.

Бақытгүл БАБАШ

«ҰЙЫҚТАП КЕТІП, ОЯНБАЙ ҚАЛҒАН...»

Мұны жасырып-жабудың жөні жоқ: ауа қабатына тасталатын зиянды шығарындылардың мөлшері жыл санап артып барады. Облыс прокурорының көмекшісі Рүстем Ғапудың айтуынша, өткен жылы оның көрсеткіші 107,3 мың тоннаны құраған. Ауа ластаушылардың басым бөлігі мұнай-газ саласына тиесілі. Қазір облыс орталығында және оның маңындағы селоларда гидрометеорология орталығының 20 қосыны ауа тазалығына сараптама жүргізіп отыр. Орталық берген мәлімет көңіл көншітпейді, өткен жылдың өзінде ғана ауада күкіртсутек рұқсат етілген мөлшерден біраз асып кеткен, күкіртті ангидрид, азот диоксиді, улы шығарындылар мен қатты бөлшектер де көбейіп барады. Аймақтағы ауаның ахуалына жауапты дейтін Жайық-Каспий экология департаментінің экология инспекциясы былтыр 270 рет тексеру жүргізген. Соның нәтижесінде 188 заңбұзушылық анықталып, 1,6 млрд теңге көлемінде айыппұл салыныпты. Мұндағы назар аударар мәселе – аталған департаменттің зертханалық-сараптамалық бақылау бөлімі тек 83 тексеру жұмысына ғана тартылған. Қалған тексерулерде зертханасыз ауаның ауанын бақылау мүмкін болғаны...

Шығарындылардың үлкен-кішісі болмайды, олардың бәрі де қандайда болсын үлесте сіз бен біз жұтып жүрген ауаны былғауға жеткілікті. Дегенмен салыстырмалы талдау жұмыстарының барысында ірі кәсіпорында шығарындылардың көбейгені белгілі болған. Бұрын шетелдік алпауыттар ауамызды бұзды деп арызданатын болсақ, қазір бұл шептің алдында отандық кәсіпорындардың тұрғаны алаңдатады.

«Мұнай-газ саласынан өзге, қала көшелерінде қаптаған автокөлік құралдарының да пайдасынан зияны басым. Күні бүгінде облыста 55 мың автокөлік тіркелген, ал одан шыққан лас заттарға нақты есеп жүргізіп жатқан ешкім жоқ. Жол полициясының мұндай тексерулер жүргізуге қажетті газанализаторлары істен шыққан. Жобалап айтқанда, автокөліктерден келетін залал жылына 100 мың тонна лас шығарындыны құрайды», – дейді Рүстем Ғапу.

Жалғасы 2-бетте

ДАТ!

Абылай МЫРЗАХМЕТОВ:

Салық мәселесімен айналысатын арнайы сот құрылуы қажет

6 бетте

Полиция қызметкерін өлтіргендер анықталды

Ақтөбеде такси жүргізушісін пышақтап, полиция қызметкерін атып өлтірген үш адам анықталды. Бірақ қолға түсіру амалдары барысында қарсылық білдіріп, оқ жаудырған үшеудің екеуі қаза тапты. Мамандар бұл оқиғаға қатысты жарылыс пен кепілдер жөніндегі тараған мәліметтерді жоққа шығарып отыр. Кісі өлтіргендер – 18, 21 және 23-тегі жас жігіттер.

Маусымның 21-і күні Ақтөбе қаласының Кирпичный кентінде белгісіз үш адам жеке тасымалдаумен айналысқан автокөлік жүргізушісіне қарақшылық шабуыл жасаған болатын. Естеріңізде болса, олар оқиға орнына келіп, қылмыскерлерді ұстамақ болған полиция қызметкерлеріне қарумен оқ атқан.

Нәтижесінде жол полициясының инспекторы Темірбек Жақсылықбаев қаза болды. «Кісі өлтіру фактісі бойынша ішкі істер органдары Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 96-бабы бойынша қылмыстық іс қозғады. Жүргізілген жедел-тергеу іс-шараларымен шабуыл жасағандар анықталды» деп хабарлайды Бас прокуратураның баспасөз қызметі. Олар – 1991 жылы туған Жолмырза Бекбауов, 1994 жылы туған Ғабит Құрманқұл және 1989 жылы туған Ерназар Мырзағали. Маусымның 23-і күні аталған азаматтар Ақтөбе қаласындағы Краснощеков көшесі, №46 үй мекенжайында анықталған. «Берілу жөніндегі бірнеше рет қайталанған ұсыныстарға көрсетілген мекенжайда қоршауға алынған Бекбауов, Құрманқұл және Мырзағали қарсылық білдіріп, арнайы бөлімше қызметкерлеріне қарай қарулармен оқ ата бастады. Осыған байланысты қылмыскерлердің екеуінің көзі жойылып, біреуі жарақат алды» деп хабарлайды Бас прокуратура мамандары. Олардың айтуынша, бейбіт тұрғындар арасында қаза болғандар мен жәбірленушілер жоқ, тек құқық қорғау органдарының бір қызметкері ғана жеңіл жарақат алған. Кісі өліміне қатысты қылмыстық іс қозғалды. «Қылмыстың басты күдіктілері – діни экстремистік ұйымдардың жақтаушылары» деген мәліметтер де бар. ,

ҚҰҚЫҚ ПЕН ҚҰРЫҚ

Сандуғаш ӘЛІМЖАНОВА

ДЕРТ

Қатерлі ісік қарттарды қойып, жастарды «жағалай» бастады

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының болжауынша, 2020 жылға қарай әлемде қатерлі ісікке шалдыққандар мен осы аурудан көз жұмғандар саны екі есеге дейін көбеюі мүмкін. Бұл қатерлі дерт қазақстандықтардың өміріне де қауіп төндіріп тұрған жайы бар. Бүгінде ісіктің белгілері бар 150 мыңға жуық жерлесіміз диспансерлік есепте тұр екен. Негізінен, тұрғындарының дені егде тартқан елдерде көбірек кездесетін обыр жастарға да ауыз сала бастағанын байқаймыз, науқастанғандардың арасында еңбек етуге қабілетті адамдардың үлес салмағының артып отырғаны да ойландыратын жайт.

Ербақыт АМАНТАЙҰЛЫ

ШЫҒЫС ПЕН СОЛТҮСТІКТІҢ СЫРҚАТЫ ЖАМАН

Онкологиялық аурулар қазақ қоғамын оңдырар емес. Жыл сайын 30 мыңнан астам адам бұл дертке шалдығады екен. Ал күн сайын шамамен сегіз жағдай тіркеледі. Не себепті екені белгісіз, қатерлі ісік еліміздің шығысы мен солтүстігін алқымнан алып тұрған жайы бар. Қарыштап дамыған жаһан медицинасының өзі әлі күнге дейін ісіктің пайда болу себебін нақты анықтай алмауда. Сол себепті еліміздің онкологтері де бұл өңірлерде обырдың кең таралуын түсіндіре алар емес.

Қызылжар қатерлі ісікке шалдыққандар саны бойынша облыстар арасында екінші орында тұр. Әрбір 100 мың адамға шаққандағы науқастар саны 269,6 адамды құрап отыр. Бірінші сатыдағы Шығыс Қазақстан облысында 100 мыңға шаққанда – 271 науқас. Солтүстік Қазақстан облыстық денсаулық сақтау басқармасы басшысының орынбасары Мәриям Бапанованың хабарлауынша, аурудың алдын алу, дер кезінде анықтау жұмыстары күшейтілген. Бірақ бұған қарамастан, сырқаттанғандар саны күннен-күнге көбейіп отыр екен. Мысалы, 2011 жылдың сәйкес мерзімімен салыстырғанда аурулар саны 21 пайызға артқан, нақтырақ айтсақ, 100 мың адамға шаққанда 79,8-ден 96,6-ға дейін жетіпті.

Мәриям БАПАНОВА,
Солтүстік Қазақстан облыстық денсаулық сақтау басқармасы бастығының орынбасары:

– Солтүстік Қазақстан облысы қатерлі ісікке шалдыққандар көрсеткіші бойынша республикада үнемі 2-3 орындардан түспей келеді. Оның әртүрлі себептері бар. Онкологиялық аурулардың неден пайда болатынын дәрігерлер әлі анықтаған жоқ. Тек бірнеше әсер етуші фактор бар. Олар: темекі түтіні, дұрыс тамақтанбау, алкогольдік ішімдіктер. Мысалы, темекі мен арақ өкпе, асқазан, кеңірдек, қуық, бүйрек және ауыз қуысы обырына әкеліп соқтырады. Ал дұрыс тамақтанбау ас қорыту жүйесіндегі ракқа әкеледі. Сондай-ақ алпыстан асқан адамдарда бұл дерт көп кездеседі.

Жалғасы 2-бетте

БІЗДІҢ ОЛИМПИАДАШЫЛАР

Оптимист Ольга

Олимпиада ойындарында ең көп жүлдеге таласатындар – жеңіл атлеттер. Төрт жылда бір өтетін дүбірлі додада спорттың осы түрінен 47 медаль жиынтығы сарапқа салынады. Қазақстан да аталған 47 медаль жиынтығының біреуіне қол созуды көздейді. Басты үміткер – әрине, Ольга Рыпакова.

Жалғасы 7-бетте

ОЙ-КӨКПАР

Жер салығын гектарына 1000 теңгеге дейін көтеру латифундистерді бос жатқан жерлерді игеруге мәжбүрлей ала ма?

Арман ЕВНИЕВ, *Ауыл шаруашылығы министрлігі жанындағы Іскерлік кеңес төрағасының орынбасары:*

ИӘ

– Жер салығына қатысты мұндай ұсыныстың көтерілуін өз басым жөн санаймын. Бұл мәселеге Ауыл шаруашылығы министрлігі арнайы зерттеп, өзіндік талдау жүргізіп көрді. Мұны министрлік басшысы Асылжан Мамытбеков мырза да көптен бері айтып жүр. Жалпы, еліміздегі ауқымды жерлердің игерілмей жатқанының себебін іздесек, негізінде нарықтық экономикада жер басты өндіріс құралы ретінде пайдаланылуы керек. Жер қатынасын реттеу және оны пайдалану осы мақсатта жүргізілуі қажет. Өкінішке қарай, бізде бұл мәселе осы уақытқа дейін шешімін таппай келді. Еншісіне бәленбай мың гектар жерді алып алғандар бүгінде сол жерлерді ел игілігіне айналдыра алмай, бос ұстап отыр. Сондықтан ендігі кезекте жер салығын 1000 теңгеге дейін өсіру көптеген азаматтарға ой салады деп ойлаймын. ▸▸

Елімізде бірыңғай жер салығын көтеру жайы өзекті болып тұр. Өткен аптада Елбасымыздың өзі : «Жер салығын қайта қарау керек. Салық әр гектар үшін төленуі тиіс. Бізде жерге салынатын салықтың аздығынан көптеген шаруашылықтар еш нәрсе істемей отыр, жер болса бос жатыр. Олар жерді мұраға қалдырып жатыр, ал жер пайдаланылмайды», – дегенді нықтап айтты. Жалпы, біздегі жер салығының ең аз мөлшері гектарына – 7 теңге. Осыны ескерген мамандар болашақта жер салығын көтермесек, бос жатқан жерлерді өндіріс құралына айналдыру қиынға соғатынын алға тартуда. Ал енді жер салығын көтеру бос жатқан жерлерді игеруге жол аша ма, жоқ па? Біз осы сауалды мамандар талқысына салдық.

3-бетте

ЖОҚ

– Егер біз нақ қазір жер салығын 1000 теңгеге дейін көтерсек, меншігінде ұлан-ғайыр жері бар латифундистер қыңқ етпейді. Нақ осылай жер салығын көтеру арқылы біз тағы сол қарапайым шаруаның немесе шағын және орта бизнеспен енді айналыса бастаған кәсіпкердің қалтасына ауырлық саламыз. Себебі сол латифундист қаумы – есепті екі түрлі жүргізетіндердің бірден-бір бірегейі. Елдегі салықтың жасырын көзін жасап жүрген де – солар. Екі түрлі есеп-қисап жүргізіп, шамасы келсе салық төлемеуге барын салатын да осы қауым. Сондықтан бұл жерде өз басым бұл бастаманы қолдамаймын. Өйткені жер салығын гектарына 1000 теңгеге дейін көтерсек, ауылдағы нағыз сол жерді игеріп пайда көріп, тынымсыз еңбек етіп жүрген кәсіпкер, фермер, диқан қауымының еңсесі тағы бір мәрте езіледі. ▸▸



Сапабек ӘСІПҰЛЫ,
«Жер және қазақ тағдыры» комиссиясының төрағасы:

www.alashainasy.kz • РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ АҚПАРАТТЫҚ ГАЗЕТ • e-mail: info@alashainasy.kz

СЕНАТ

Тендердегі «шәпкінің» «размері» қандай?

Елімізде шағын бизнесті шайқалтпай, керісінше, бизнеске кедергінің бәрін кесіп тастайтын шара әлі де жалғасады. Соның бірі – рұқсат беру құжаттарын тағы да қосымша 30 пайызға дейін қысқарту. Өткен аптада ғана Ақордада Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Парламенттегі сессия соңына дейін қабылданатынына сенім білдірген осы құжат кеше Сенаттың Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінде талқыланды.

Қанат ҚАЗЫ

Мансұр ХАМИТ (фото)

Айта кетерлігі, бизнестің ісінде берекет болуы үшін һәм жосықсыз кедергіні әкімшілерден аластату үшін билік бұған дейін де талай қадамдарға барған. Рұқсат беру құжаттары да осымен екі рет қысқарып еді. Үшінші мәрте қысқартуда ұтарымыз не? Экономикалық даму және сауда вице-министрі Марат Құсайыновтың айтуынша, дәл осы құжат қабылданса кәсіпкерге әкімшілік ауыртпалық бұрынғыға қарағанда азайып, көлденеңдеген кедергісіз жұмыс істейтін болады, сөйтіп, бизнестің құлашы кеңи түседі. Сондықтан да заң жобасымен қолданыстағы 80 заңнамалық актіге өзгеріс енгізу көзделген. Сөйтіп, қолда барды тағы бір ақтарып шыққан атқарушы билік лицензиялау принциптеріне сәйкес келмейтін қызметтің жекелеген түрлерінен лицензиялауды жоюды көздеп отыр. «Заң жобасы бойынша елімізде анықталған 1096 рұқсат беру құжатының жоғары қатердегі қауіпсіздікті қамтамасыз етуге әсер етпейтін 257-сінің күшін жою қарастырылады. Азаматтардың өмірі мен денсаулығына тікелей қауіп-қатер келтірмейтін ақпараттық сипаттағы 40 рұқсат беру құжатын хабарлама тәртібіне көшіру көзделеді. Осылайша барлығы 30 пайызға жуық рұқсат беру құжаттары қысқартылады. Бұдан бөлек, кейбір рұқсат құжаттарының орнына алғаш рет хабарлама тәртібі енгізіліп отыр», – дейді заң жобасы бойынша баяндаған экономикалық даму және сауда вице-министрі Марат Құсайынов. Бұл ғана емес, заң жобасы мемлекеттік органдардың бақылау-қадағалау функцияларын қысқартуға және оңтайландыруға бағытталады.

Ондағы нормаларға сүйенсек, алдағы уақытта жаңадан тіркеуден өткен шағын кәсіпкерлік субъектілеріне олар тіркелген мерзімінен бастап үш жыл бойына жоспарлы тексерулер жүргізуге тыйым салу көзделіп отыр. Бұдан бөлек, кәсіпкерлікке қарсы құқық бұзушылықтардың барлық құрамына тек тексеру нәтижелері бойынша ғана әкімшілік жаза қолдану туралы Әкімшілік құқық бұзушылық кодексі нормасының аясы кеңейтіледі. Сонымен қатар кәсіпкерлік субъектілеріне жатқызу критерийлері қайта қаралатын болады. «Атап айтқанда, шағын бизнес үшін шекті мән 60 мың айлық есептік көрсеткішке тең. Бұл шамамен 91 млн теңгені құрайды. Ал ірі кәсіпкерлік үшін 3 млн айлық есептік көрсеткіш құрайды. Орта бизнеске шағын және ірі бизнес субъектілеріне кірмейтін субъектілер жатқызылады», – дейді вице-министр Марат Әпсәметұлы. Яғни әлемдік тәжірибеге сәйкес, еліміздің бизнес саласындағы өлшемдерді пайдалану шектелетін болады. Аталған заң жобасының қабылдануы бизнеске түсетін әкімшілік жүктемені айтарлықтай азайтып, кәсіпкерліктің одан әрі қарқынды дамуына септігін тигізеді.

Жиын барысында сенаторлар заң жобасын тұтастай тұжырымдамалы қолдауға болатынын алға тартады. Дегенмен қазақстандық кәсіпкерлікке қатысты мәселенің мәнісін бір ғана құжатпен шешіп тастау мүмкін еместігі тағы білінді.

Иран ӘМІРОВ,
ҚР Парламент Сенатының депутаты:

– Шағын және орта бизнестің басты қасіреті – қолдауға зәрулік емес. Мәселе мемлекеттік сатып алуда болып отыр. Менің білуімше, бұрын тендерден 10-20 пайыз «шәпкі» сұрайды деп айтушы еді. Сол «шәпкіңіз» қазір 30 пайызға жетіпті-міс. Оны қолма-қол ақшаға айналдыру үшін 7 пайыз тағы ұсталады-мыс. Сонда 37 пайыз «құлқынға» кетіп, қалған «63 пайызға жұмыс істе» деуге бола ма? Сапасыз құрылыс та, көпір мен үйдің құлауы, жолдың шапшаң тозуы да соның салдарынан. Мұны биліктің білмеуі ешмүмкін емес. Ендеше, осыған қарсы шараны қолға алуымыз керек. Менің ойымша, бизнестің қасіреті жұмысын ашудағы кедергіде ғана емес. Өйткені олар өз кәсібін аша алмай отырған жоқ, керісінше, ашып алып ары қарай жұмыс істей алмай отыр. Мемлекеттік сатып алу мәселесін қайта қарастырмаса болмайды.

Астана

БІЛІК

Басшылардың үштен бірі аттестациядан өте алмады

Биылғы аттестацияның алғашқы легі – құқық қорғау органдарының басшылық құрамын сынақтан өткізу науқаны аяқталуға жақын. Бүгінге дейін Президент жанындағы Жоғарғы аттестаттау комиссиясы аттестаттаудан өтуі тиіс басшылық лауазымдағы 379 адамның 349-ының жеке біліктілігі мен дайындығын тексеріп шықты. Нәтижесінде олардың үштен бірі аттестациядан өте алмады.

Сынақтан өтпеген басшылардың басым бөлігі Ішкі істер министрлігіне тиесілі – 26 адам. Одан кейін Экономикалық қылмыс және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігі (20 адам), Кедендік бақылау агенттігі (10 адам) және Бас прокуратура (10 адам) келеді. Дайындығы төмен басшылардың ең аз көрсеткіші Төтенше жағдайлар министрлігінде тіркелді. Аталған ведомстволардың төрт басшысы аттестациядан өте алмады.

Жалпы, осы уақытқа дейін Президент жанындағы Жоғарғы аттестаттау комиссиясы 349 басшының жеке біліктілігі мен дайындығын тексерді. Олардың 69-ы немесе 20 пайызы сынақтан сүрініп қалды. Осыған байланысты 29 басшы жұмыстан босатылса, 28 қызметкердің лауазымы төмендетіледі. Ал қалған 12 басшыны басқа қызметке ауыстыру ұсынылды.

Осы азаматтардың жеке сындардан өту барысына тоқталсақ, 15 қызметкер заңнаманы білмейтін болып шықты. 16 басшы денешынықтыру емтиханын тапсыра алмаса, 45-і атыс даярлығынан өте алмады. Ал 10 қызметкердің психологиялық дайындығы төмен болып шықты.

Биылғы аттестациялаудың жоғары талаптарын ескерген тағы 26 қызметкер сынақтан өтуден өз еркімен бас тартып, қызметтен босату туралы рапорт жазды. Бұдан басқа, ротацияға, яғни басқа жұмысқа ауысуына байланысты 13 қызметкерді, сондай-ақ шекті жасқа жеткен алты басшыны жұмыстан босату туралы ұсыныс жасалды. Осылайша биылғы аттестацияның алғашқы науқанынан 114 адам немесе басшылық құрамының 30 пайызы өте алмады.

Президент жанындағы Жоғарғы аттестаттау комиссиясы өз жұмысын маусым айында аяқтайды. Осыдан кейін орталық және аудандық аттестаттау комиссиялары өз жұмысына кірісетін болады.

Алик ШПЕКБАЕВ,
ҚР Президенті Әкімшілігінің құқық қорғау жүйесі бөлімінің меңгерушісі:

– Елімізде құқық қорғау органдары қызметкерлерінің кезектен тыс аттестациясы алғаш рет өтіп жатыр. Оның негізгі мақсаты – құқық қорғаушылардың кәсіби, әскери және денешынықтыру дайындығын тексеру, сондай-ақ осы саланы сыбайлас жемқорлыққа бейім адамдардан тазарту. Аттестация Қазақстанда алғаш рет өткізілгендіктен, біз өзге елдердің тәжірибесін мұқият зерделеп шықтық. Осылайша аттестацияның үш деңгейлі жүйесі бекітілді. Президент жанындағы Жоғарғы аттестаттау комиссиясы басшылық құрамын сынақтан өткізсе, орталық аттестаттау комиссиялары қалалық және аудандық басшыларды, сондай-ақ олардың орынбасарларын тексереді. Ал өңірлік комиссиялар аумақтық бөлімшелердің жеке құрамын аттестациядан өткізеді. Жалпы, республика бойынша 98 617 лауазымды тұлға аттестациядан өтеді.

Арман АСҚАР,
Астана

МӘСЕЛЕ

Қазынамызды қашанғы қоқысқа көме береміз?

Басы 1-бетте

«Мұнайлы астанада тұрамыз» деп боскеуде мақтанға салынғандары болмаса, жергілікті жұрттың жағдайы аста-төк деп айтуға ерте. Әсіресе денсаулық жағдайы мәз емес. Елбасы назар аударып отырған шағын қалалар тізіміне Атыраудан енген Құлсары шаһарында, шынымен де, соңғы жылдары беймезгіл өлім саны артып кетті. Алайда шетелдік һәм отандық кәсіпорындар өкілдері тұрғындардың ұйқысынан оянбай қалған, не көшеде жүріп келе жатып о дүниеге аттанып кетіп жатқан жағдайларына экологияның қатысы жоқ деп есептейді екен. Алайда облыс прокуроры Сайфолла Кемалов та «жауырды жаба тоқып жатпады», «Біз мұнда не болып жатқанын жақсы білеміз. Жап-жас жігіттер ертеңгісін ұйқысынан оянбай қалып жатыр...» – деп келтесінен қайырды.

ҚАЛДЫҚТАРҒА КӨМІЛІП БОЛДЫҚ

Қалдықтар полигоны жайлы да айтылар әңгіме аз емес. Әуелгісі – ешқандай да экологиялық талаптарға сай келмейтіні. Тұрмыстық қалдықтар полигонға сұрыптаусыз тасталып жатыр. Осының салдарынан қала аспанын полигон жақтан шыққан күлімсі тұман басады да тұрады. «Арнайы автобаза» мекемесіне қарасты қалалық полигонның айналасы жасыл желектен түп-тұқиянымен ада.

Рүстем ҒАПУ,
Атырау облыстық прокурорының көмекшісі:

– Жыл басынан бері полигонда бес өрт оқиғасы тіркелді. Бұл – арнайы тіркелгендері ғана, әйтпесе өрт мұнда күнделікті бола береді. Аталған полигонның өндірістік қуаты әлдеқашан сарқылған. Тұрмыстық қалдықтарды көмуге балама орын тағы жоқ. Сондықтан да ескі полигонды жауып, бес жылдан бері құрылысы мандымай тұрған жаңа полигонды іске қосуды құнттау керек.

Бұдан бөлек, облыстағы жеті ауданда полигон болғанымен, олар ресми түрде заңдастырылмаған. 2010 жылы «2010-2013 жылдардағы Атырау облысының қатты тұрмыстық қалдықтарын басқару бағдарламасы» деген әжептәуір аты бар құжат жасалды, бірақ әлі күнге бекітілген жоқ. Қатты тұрмыстық қалдықтарды жинау нормалары бес жылдан бері жаңартылмаған. Жер қойнауын пайдаланушылардың полигондары да ерекше бақылауды қажет етеді. Экология департаментінің есебіне сүйенсек, күні бүгінде облыс аумағында 6,9 млн тоннадан астам өндіріс қалдықтары жиналған. Оның 4,1 млн тоннасы жентектелген күкірт, 197,8 мың тоннасы өнеркәсіптік қалдықтар, 2,6 млн тоннасы қатты тұрмыстық қалдықтар. Бірақ бұл сандардың жекелеген мекемелер ұсынған мәліметтен алынғанын қаперге ұстау керек. Шын мәнінде бұдан да көп болуы ғажап емес. Прокурорлық әрекет ету актілері бойынша өткен жылдан бері 55 ауылдық округтің әкімі әкімшілік жауапкершілікке тартылған. Облыс әкімінің бірінші орынбасары бұл мәселенің әкімдерге айыппұл салумен шешілмейтінін, жаңа полигондар салу қажеттігі күн тәртібіне шығарылуы керектігін баса айтты. Және келесі жылы құрылысы басталатын тоғыз қалдықтар полигонының техникалық-экономикалық негіздемесі жасалып жатқанынан хабардар етті.

ТАБИҒИ ҚОРЫҚТАР ТАПТАЛЫП ЖАТЫР

Ерекше қорғалатын аймақтарға қатысты проблема жетерлік. Атырауда 819 130 гектар ерекше қорғалатын табиғи аймақ орналасқан, оның ішінде «Новинский» және «Ақжайық» табиғи қорықтары мен Каспий теңізінің солтүстік бөлігіндегі қорық аумағы бар. Арнайы жүргізілген прокурорлық тексерулер кезінде осы табиғи қорықтардың аумағын жеке кәсіпорындардың заңсыз пайдалану фактілері кездескен. Мысалы, Каспий теңізінің жағалау аймағында геологиялық барлау жүргізетін «Жамбай» ЖШС «Новинский» қорықшасының 42 мың гектар жерін пайдаланған. Қазір аумақ мемлекет меншігіне қайтарылды. Сондай-ақ «Тұз» ЖШС мен Caspiy-Salt мекемелері Индер көлінен ас тұзын өндіруге келісімшарт жасасқан. Алайда аудан әкімдігінің бұл шешімі прокуратура тарапынан қарсылыққа ұшырады.

«Ақ Жайық» мемлекеттік табиғи қорығының аумағына бұрын алты өндірістік ұжымға тиесілі болған жер еніп кеткен. Олардың мүлкін өтеу туралы мәселе әлі шешімін тапқан жоқ. Қорықтың су айдынында шағын кемелер жүзіп жүреді. Заңсыз балық аулау кәсіпшілігі «Ақ Жайық» МТР аумағында көп кездесетіні анықталған. Мұның бәрі мемлекеттік табиғи қорықтың тиісті түрде қорғалмайтынын көрсетеді. Арнайы инспекторлар саны жеткілікті болса да, қорықтың неге дұрыстап қорғалуы қолға алынбай тұрғаны белгісіз.

Атыраудағы экологиялық жағдайға талдау жүргізілмей жатыр деп жалған сөйлей алмаймыз. Сол тексерулер қоршаған ортаға тасталатын лас қалдықтардың мөлшерімен есептесек, атыраулықтардың әрқайсысына жылына 285-290 келіден келетінін анықтаған.

Ал еліміздің басқа өңірлерінде бұл көрсеткіш 225 келіден аспайды. Осыдан-ақ мұнайлы мекенді кезіп жүрген қауіптің қаншалықты екенін бағамдау қиын емес. Әлеуметтік-экономикалық жағынан қарыштап дамып келе жатқан аймақтың экологиялық қатердің аз-ақ алдында тұрғаны алаңдатады.

Атырау

ДЕРТ

Қатерлі ісік қарттарды қойып, жастарды «жағалай» бастады

Басы 1-бетте

АУРУ ЖАСТАРҒА АУЫЗ САЛДЫ

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы қатерлі ісік алдағы 10 жылда 1,5-2 есеге дейін артатынын айтып отыр. Бұл үрдіс Қазақстанда да көрініс таппай қоймас. Онкологиялық дерт бұрын егде адамдардың ауруы саналатын. Тұрғындарының 7 пайызынан астамы 60 жасқа толған елді жаһандық денсаулық сақтау ұйымы қартаң тартқан мемлекеттер қатарына қосады және мұнда ісік ауруының күрт артатынын айтады. Біздің елде де обыр көрсеткішінің көптігін дәрігерлер осы демографиялық жағдаймен байланыстырады. Мысалы, Солтүстік Қазақстан облысын мекен еткен жандардың 16-17 пайызы алпысты алқымдағандар екен. Осыған сәйкес облыстағы онкологиялық жағдай да мәз емес.

Дәрігерлердің қатерлі ісікпен қариялар көп ауырады дегенімен келіспеуге де болады. Себебі жыл өткен сайын жастардың да үлес салмағы артып келеді. Мысалы, осыдан 20-30 жыл бұрын науқастардың арасында еңбек жасындағылардың үлес салмағы 20-25 пайызды құраса, қазір 42-45 пайызға жетіп отыр. Ширек ғасырда екі есеге артқанын байқаймыз.

Бүгінде дәрігерлер қатерлі ісікті ерте бастан анықтауға баса назар аударып отыр. Себебі асқынып кетсе науқасқа ем қонуы екіталай. Сондықтан барлық әйелдерді тексеру жер-жерлерде жүргізілуде. Мысалы, Қызылжардағы онкологиялық диспансерде жыл басынан бері 14 мың әйел тексерістен өткен екен. Былтыр 30 бен 60 жас аралығындағы 21 мыңға жуық жанды тексерген.

АУЫЛ ДӘРІГЕРІНІҢ САЛҒЫРТТЫҒЫ

Қатерлі ісікпен күрестегі ең тиімді жол – сырқатты ерте бастан анықтау. Дегенмен оның белгілерін ерте анықтау деңгейі біздің елде 49,5 пайызды ғана құрайды. Францияда бұл көрсеткіш – 68, ал Израильде – 63 пайыз. Қатерлі ісікпен күресті күшейту қажеттігін биылғы халыққа арнаған Жолдауында Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев та қадап айтқан болатын. Бүгінде 2012-2016 жылдарға арналған бағдарлама қабылданып, жүзеге асырылып жатыр.

Дегенмен аурудың салдары ауыр екенін ауылдағы дәрігерлер сезініп отырған жоқ сияқты. Бұған Солтүстік Қазақстан облысының Тайынша қаласының тұрғыны Жамал Бекжігітованың басындағы жағдайды мысалға келтіруге болады. Ол өзінің екінші топтағы мүгедек болып қалуына аудандық ауруханаға дәрігерлерін кінәлі санайды. Айтуынша, 2006 жылы өзі ауруханаға барып, маммографияға түскен екен. Кейін дәрігер нәтижесін хабарлайтынын айтқан соң кетіп қалған. Ауруханадан ешкім телефон соқпаған соң күте-күте өзі барған. Дәлізде кездескен дәрігер «сырқат анықталған жағдайда өзіміз шақырар едік, қобалжымаңыз» деп шығарып салған.

Жамал Бекжігітова сырқат емеспін деген оймен 2010 жылға дейін жүрген. Жағдайы нашарлай бастаған соң емдеу мекемесіне тағы да бас сұққан. Сөйтсе ауруы әбден асқынып, үшінші дәрежеге жетіп қалған екен. Облыстық онкологиялық диспансерде дереу ота жасалды. Бүгінде Жамал апайдың жағдайы жақсы деуге келмейді. Жүріп-тұрудың өзі мұң. Екінші топтағы мүгедек. Кейін анықталғандай, 2006 жылғы тексеріске Жамал Бекжігітованың кеудесінде ісік барлығы анықталған екен. Бұл туралы арнайы журналға да жазылыпты. Бірақ дәрігерлердің мұны не себепті жасырып қалғаны түсініксіз. Ақ халаттылар болса «ауруханада жөндеу жұмыстары жүріп жатқан қарбаласта байқамай қалдық» деп ақталып отыр.

Жамал БЕКЖІГІТОВА,
Тайынша қаласының тұрғыны:

– Ауруды ерте анықтағанда айығып кетуге болады екен. Ал мен әбден асқынған соң бір-ақ бардым. Мұны дәрігерлердің салғырттығы, салақтығы дер едім. Адам тағдырымен осылай ойнауға бола ма? Мені осындай жағдайға түсірген ауруханаңың бас дәрігері Анатолий Рафальский дегенге бардым. Кінәсін сезініп, тым болмаса маған Астанада емделуге квота беруін өтіндім. Ал ол мені құғандай қылып шығарып салды. Содан ауруханаңы сотқа бердім. Бірақ аудандағы адвокаттардың өзі бұл іспен айналысудан бас тартты. Себебі Рафальский – жай ғана бас дәрігер емес, ол облыстық мәслихаттың депутаты. Маған дәрігерлердің сотталғаны қажет емес, тым болмаса екі жыл емделгенде кеткен шығынды өтеп беруін талап етіп отырмын. Бұл оларға сабақ болуы керек. Оларды тағы біреудің тағдырына балта шаппайтындай қылып жазаласа деймін.

Қызылжар

БІЛГІМ КЕЛГЕН БІР СҰРАҚ

Зейнетақы тарихы XI Людовиктен басталады

Ең алғаш зейнетақының тарихы қай кезден басталып, енгізіле бастады?

Қайрат ЕСІМҒАРАЕВ, *Талғар*

Ең алғашқы зейнетақы туралы XV ғасырдың екінші жартысында өмір сүрген XI Людовик билігі тұсында Париж есеп палатасының құжаттарынан білуге болады. Онда ағылшын королінің бірінші камергері Эдуард IV Уильям Гастингстің және өзге де лондондық сановниктердің атына жазылған зейнетақы туралы айтылады. 1889 жылы Германия канцлері Отто фон Бисмарк өз қызметкерлеріне ресми түрде мемлекеттік зейнетақы бекітті.

Арада 20 жыл өткен соң Ұлыбритания, Австралия, ал XX ғасырдың 30-жылдары АҚШ мемлекеттік зейнетақы жүйесіне көшті.

Большевиктер революциядан кейін зейнетақы беруге асықпады. 1918 жылдың тамызында Қызыл армия мүгедектеріне, 1923 жылы қарт большевиктерге, 1928 жылы тау-кен, тоқыма өнеркәсібі қызметкерлеріне, 1937 жылы қала жұмысшылары мен қызметкерлеріне зейнетақы жүйесін енгізе бастады.

Елден тыс жерлерде тұрақты тұру үшін қандай құжаттар қажет?

Белгілі бір мерзімге Қазақстаннан тыс жерлерге тұрақты тұруға жиналып жатырмын. Бұл үшін маған не істеу керек, қандай құжаттар жинауым қажет?

Шынар БЕРЖЕНБАЕВА, *Алматы облысы*

Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде тұрақты тұруға құжаттарды ресімдеуді ҚР Ішкі істер министрлігінің Көші-қон полициясы комитеті және Астана, Алматы қалаларының және облыстардың Ішкі істер департаменттерінің Көші-қон полициясы басқармалары жүзеге асырады. Бұл үшін: 1) өтініш-сауалнама; 2) Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігін және төлқұжатын; 3) шығатындардан заң бойынша алименттер алуға құқылы Қазақстан Республикасында тұратын адамдардан (ата-анасы және егер бірлескен некеден кәмелетке толмаған балалары болса, бұрынғы жұбайлары) олардың шығуына қарсылығы жоқ екені туралы нотариалдық куәландырылған өтініш ұсынады. Тұтынушы қандай да бір себеппен мұндай өтініштерді ала алмаған жағдайларда мәселе сот тәртібімен шешіледі; 4) әскери есептен шығарылғаны және әскери билетін тапсырғаны туралы анықтама; 5) қорғаншылық және қамқоршылық органдарының шығу туралы шешім қабылдау кезінде 10 жасқа толған баланың пікірін ата-анасының не өзге де заңды өкілдердің есепке алуы туралы қорытындысы;

6) 18 жасқа толмаған Қазақстан Республикасы азаматтарының ата-анасының (қамқоршысының, қорғаншысының) бірімен бірге тұрғылықты тұруға шығуы кезінде – Қазақстан Республикасының аумағында тұратын ата-анасының екіншісінің нотариалдық куәландырылған келісімін ұсынады. Ата-анасының бірінің келісімі болмаған кезде кәмелетке толмаған баланың шығуы сот тәртібімен шешілуі мүмкін. Балалар және сот әрекетке қабілетсіз деп танылған азаматтар үшін Қазақстан Республикасынан тыс жерде тұрғылықты тұруға шығу туралы құжаттарды олардың заңды өкілдері (ата-аналары, қамқоршылары, қорғаншылары) береді. Азаматтардан басқа құжаттарды сұратуға жол берілмейді.

КЕДЕН

Ағайындылардың «терілері» тәркіленді

Бүгінгі күні ҚР Қаржы министрлігі Кеден комитеті басшылығы Қытаймен шекаралас аймақтарда орналасқан кедендік бекеттерде қатаң тәртіп орнату мәселесін мықтап қолға алғандай. Атап айтсақ, қазіргі уақытта кеден органдарында кеденшілермен қоса, ведомствоаралық комиссия мүшелері де кеден қызметкерлерімен бірге иық тіресе еңбек етіп, кедендік бақылау функцияларын атқаруда.

Соның нәтижесінде күн өткен сайын әр көліктен өндірілетін кедендік төлемдердің саны артып қана қоймай, кеден заңнамасын бұзушыларға қарсы да табанды күрес жүргізілуде. Соған қарамастан, кеден заңнамасының талаптарын өрескел бұзып, жүктерді заңсыз жолмен алып өту фактісі азаяр емес. Атап айтсақ, жуырда Шығыс Қазақстан облысындағы «Бақты» кеден бекетінде бір мезетте үлкен көлемдегі екі контрабандалық әрекеттің беті ашылып, жолы кесілді. Бір қызығы, жолаушылар терминалында қол жүктерін кезекті кедендік тексеруден өткізу барысында ұсталған екі контрабандашы ағайынды болып шықты. Михаил Сухоруков пен оның әпкесі Марина Сухорукованың қол жүктерінің ішінен кедендік тексеру кезінде жолаушылар декларациясында көрсетілмеген және кедендік тексеруден жасырылған 85 дана әртүрлі бағалы аң терілерінен жасалған ішіктер мен күртешелер әшкереленді.

Сараптама қорытындысы көрсеткендей, тауарлардың жалпы құны 9 483 941 теңгені құраса, төленуге тиісті кедендік төлемдер мен салық мөлшері 2 282 971 теңгеге жеткен. Осы іс бойынша қылмыстық іс қозғалды

Бекен НҰРАХМЕТОВ,
«Бақты» кеден бекеті бастығының орынбасары

ОЙ-КӨКПАР

Басы 1-бетте

Жер салығын гектарына 1000 теңгеге дейін көтеру латуфиндистерді бос жатқан жерлерді игеруге мәжбүрлей ала ма?

Арман ЕВНИЕВ, *Ауыл шаруашылығы министрлігі жанындағы Іскерлік кеңес төрағасының орынбасары*

Білесіз, біздегі жер салығының көлемі тым төмен. Жердің игерілмей жатқанының басты бір себебі – осы. Мәселен, қазірде жер салығы әр гектарына 7 теңгеден айналады. Бұл сонда 1000 гектар жері бар адам мемлекетке салық ретінде 7 мың теңге төлей салатынын көрсетеді. Міне, салықтың арзандығы нарықтық экономикадағы басты қағида – жерді өндіріс құралы ретінде пайдалана алмауымызға әкеліп отыр. Егер біз жер салығын көтерер болсақ, қаншама мың гектар ауылдық жайылымдық, егіншілік жерді кезінде меншігіне алып алып, қазір сол жерді бос игермей отырған кәсіпорын үшін немесе кәсіпкер үшін проблема туындайды. Олар салықтың өскенін көріп, амалсыз жерді игеруге кіріседі. Салығын ақтап, мемлекетке қарыз болмай, төлеп отыруы үшін олар амалсыз әлгі жерлерді игеріп, пайда табуды көздейді. Болмаса, бос жатқан жерді мемлекетке қайтарып беруді жөн көреді. Бұдан шығатын қорытынды: қайтарылған жерлерге мемлекет тарапынан немесе жекелеген инвесторлар есебінен инвестиция құйып, оны қайта игеруге болады. Міне, жерді өндіріс құралына айналдыру үшін осы тетікті іске қосқан жөн. Бос жатқан жерлерді игерудің басты әдісі – осы.

Қазірде ауылдық жерлерде жер мәселесі қатты ушығып тұр. Әсіресе жайылымдық жер жайы қиындап тұрғаны жасырын емес. Ауылдағы ауқатты кәсіпкерлердің дені кезінде ұлан-ғайыр жерлерді меншігіне алып, ендігі кезекте сол жайылымдық жерлерге не өзгенің малын кіргізбей, кері қуып тастап немесе жемшөп әзірлеуге септігін тигізбей, тек салығын ғана төлеп отырған жайы бар. Сондай-ақ егіншілік жерлерге қатысты да бұл проблемалар туындап отыр. Демек, жер салығын көтеру ауыл шаруашылығы жерлерінің де өндірістік қабілетін арттырмақ. Сондықтан мұны қолдау қажет деп есептеймін.

Жалпы, қазір жер мәселесі –ушығып тұрған дүние. Қазір қарапайым қазақта ұлтарақтай да жер жоқ. Жердің денін бай-манаптар меншігіне алып алды. Ал енді, қане, солардың ол жерлерге дүрілдетіп кәсіпорын салып, істі жүргізгені?! Керісінше, сол жерлер бос, игерілмей азып-тозып жатыр. Бұл мәселені шешу үшін, біріншіден, жерден есесі кеткен қазақтарға жер берілуі тиіс. Қазір жеріміздің үштен екісі, яғни 67 пайызы – шөл және шөлейтті аймақтар. Бізде қазір шөлейтті 72 аудан бар. Өнеркәсіп дамытпақ түгіл, ол аудандарда күн көру – тауқымет. Міне, нақ қазір бірінші шешілуі тиіс мәселе – осы. Әуелі салықты көтеру жайын қоя тұрып, азып-тозған жерлерді қалпына келтіріп, егістіктерді әртараптандыру мәселесіне бас ауыртқанымыз жөн. Екіншіден, сол шөл және шөлейт аймақтарда тұрып жатқандарға қосымша төлемақы төленуі тиіс. Мәселен, өзге елдерде құнарсыз, суы тапшы, нәрсіз жерлерде тұратын жандарға жалақысына қоса үстеме төлемақы төленіп тұрады. Бұл үрдіс жағдайы төмен деңгейдегі Үндістанның өзінде жүзеге асып отыр. Жоғарыда аталған мемлекеттерде тұрғындарға мемлекеттік мекеменің үш деңгейінен көмек беріліп тұрады. Біріншісі – округтік әкімшілік, екіншісі – штаттық әкімшілік, енді бірі – федералды әкімшілік. Байқаған шығарсыз, үшеуі де – мемлекеттік мекеме. Тіпті сол шөлейт жерлерде туған үндістер басқа жаққа қоныс аударып кетіп, туған жеріне қайта айналып келсе, елде тұрмаған жылдардағы өтемақысын даулап алуға құқы бар. Ал біз ауылдағы қарапайым халықтың жайын ойласақ, неге осы жағына бас ауыртпаймыз?! Үшіншіден, жайылымдық жерлерге қатысты арнайы заң қабылдану керек. Себебі қазір қазаққа малын бесікке бөлеп бағу ғана қалды. Бүгінде жайылымдық жері мол қауымның айы оңынан туып тұр. Тура Ресей империясының тұсындағы заман тәрізді, қазір ауылдағы, қаланың сыртындағы қарапайым шаруаның малы



Сапабек ӘСІПҰЛЫ,
«Жер және қазақ тағдыры» комиссиясының төрағасы

өзгенің жайылымына түссе, не қолды болады, не ол малды жазым қылады. Осыдан барып шаруалар қойын көгендеп қойып бағуға мәжбүр болып жүр. Осы жайттарды тізбелей келе айтарым, біздегі Жер кодексін қайта қарап, көлемі ауқымды, бірақ игерілмей жатқан жерлерді мемлекет өз еншісіне қайтарып алуы керек. Бұдан соң ол жерлер өнім өндіргісі келетін, мал өсіргісі келетін қарапайым шаруаларға арзан салықтық көлеммен, арзан жеңілдікпен берілуі керек. Алдымен осы аталған проблемаларды шешіп алғанымыз абзал. Салықты көтеру жайын кейінге қалдырсақ та ештеңе етпес. Қайталап айтарым, нақ қазір салықты көтерсек, шаруасын жаңа бастап, енді еңсе тіктеп келе жатқан кәсіп иелеріне, ауыл шаруасының қалтасына ауыр салмақ саламыз. Бұл жерде осыны ойлаған жөн.

Дайындаған
Қарлығаш ЗАРЫҚҚАНҚЫЗЫ

БЕЙТАРАП ПІКІР

Жасқайрат СҮНДЕТҰЛЫ, *экономист ғалым:*

– Егер біз жер салығын гектарына 1000 теңгеге көтерсек, еншісінде жері бар, ол жерден аз-маз табыс көзін тауып отырған қарапайым қауымның жайы қандай болмақ?! Күнгейдің көлеңке тұсы болатыны тәрізді, осы жайтты да әбден зерттеу керек сияқты. Өз басым қарапайым шаруаларға, фермерлерге, шағын және орта бизнеспен айналысатын кәсіпкерлерге қатысты жер салығының жеке кестесі түзілгені дұрыс деп ойлаймын. Жерді өндіріс құралына айналдырудың тағы бірнеше тетігі бар. Мысалы, бізде жерді несиеге беру; жерді жалға беру; өнім өндірушілерге жеңілдікпен жер беру тәрізді әдістерді жетілдіру қажет тәрізді.

САПА

Еуропалық жанармай қорытамыз

Елімізде Еуропа стандарттарының техникалық талаптарына сай жасалған жаңа жанармай жарыққа шықпақ. Мамандар бұл жаңалықты автомобильшілер үшін өте жағымды әрі маңызды деп санап отыр. Сондай-ақ экологияға да оң әсерін тигізеді деп күтілуде. Бірақ өнімнің бағасы жөнінде ешқандай мәлімет жоқ.

«ҚазМұнайГаз Өнімдері» АҚ жақсартылған пайдалану сипаттамасына ие Efix маркалы жаңа отынын енгізуді жоспарлап отыр. Сондай-ақ мамандар «2013 жылдың басынан Астана қаласында аталмыш кәсіпорын жанар-жағар май құю стансыларында жаңа мотор отынын ұсынамыз» дегенді айтады. Бірінші кезекте бұл өнімді еліміздің астанасы қолданғанымен, болашақта Қазақстан Республикасының басқа өңірлеріне де тарайды деп күтілуде. Қазіргі уақытта Германияда брендті отынды жасау үшін шөгіндінің оңтайлы жинағын іріктеу бойынша зертханалық сынақ жүргізіліп жатыр. Аталған отынды ҚазМұнайдың Еуропадағы еншілес компаниясы The Rompetrol Group табысты өткізіп, бүкіл Еуропада әуесқой автомобильшілер арасында кең танылып, сұранысқа ие болыпты. Отынның оңтайлы құрамын алу үшін Астана қаласының мұнай базасында заманауи араластырғыш жабдықты орнату қажет. Жаңа отынға жанар-жағармай құю стансыларында және бензовоздарда жеке резервуарлар бөлінетін болады. Мамандардың сөзіне сенсек, Efix отыны жай отынмен салыстырғанда жақсартылған сипаттамаға ие, соңғы үлгідегі белсенді шөгінді жинағынан тұрады. Олардың қозғалтқыш жұмысының тиімділігін, автомобильдің қуаттылығы мен екпін алу динамикасын арттыратын мүмкіншілігі де бар. «Efix бензині мен дизель отынын пайдалану отын шығынын және автомобиль шығарындысының зиянды заттарын төмендетуіне мүмкіндік береді және Еуропа стандартының техникалық талаптарымен толық сәйкестендірілген өнім», – дейді акционерлік қоғам қызметкерлері.

Сандуғаш ӘЛІМЖАНОВА

ӨНДІРІС

Екібастұз МАЭС-тері жаңаруда

Екібастұз МАЭС-терінде жағымды жаңалық. Атап айтқанда, «Болат Нұржанов атындағы Екібастұз МАЭС-1 стансысы» ЖШС-інде №8 энергоблоктағы іске қосу-жөндеу жұмыстары аяқталуға жақын. Энергоблокты іске қосу стансы қуаттылығын 3000 МВт-қа дейін жеткізуге мүмкіндік береді. Қуаттылығы 500 МВт болатын қалпына келтірілген агрегатты іске қосу шілде айының басына белгіленіп отыр.

Блоктың монтаждау және жөндеу жұмыстарына ондаған мердігерлік ұйымнан 500 адам қатысты, жобаның құны – 23 млрд теңге.

МАЭС-1-де №2 энергоблокты жаңғырту жоспарланған мерзімнен бір жыл бұрын басталды. «КОТЭС» ЖАҚ (Новосібір, Ресей) турбина, генератор, қазандық пен заманауи электр сүзгішін орнату бойынша жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеуде. Қалпына келтірілген блоктың қатарға қосылуы 2014 жылдың соңына жоспарланып, оған 61 млрд. теңге бөлінген.

Ал «Екібастұз МАЭС-2 стансысында» ауаны көмір шаңымен ластау 3,3 есеге азайды. Мұнда көмір қоймасындағы жаңа телескопиялық жүк тиегіш қондырғысы жөндеуден өтті. Бұрын қоймаға көмір 10 метр биіктіктен құйылатын, сондықтан шаң бұрқырап, жұмысшыларға қиындық тудырып келді. Мұнда орнатылған «DCL» американдық компанияның жаңа заманауи жабдығының ұзындығы 15 метр болатын телескопиялық құбыры бар. Жүк түсіру кезінде құбыр жерге дейін түсіп, көмірдің құйылуына байланысты жоғары көтеріледі.

«Стальмонтаж» ЖШС мамандары импорттық агрегатты құрастырса, стансының жылу автоматикасы және өлшеу цехының мамандары жөндеу жұмыстарын жүргізді.

Жанаргүл ҚАДЫРОВА,
Екібастұз

Қолжетімді баспана үміт сыйлар жасқа да

МӘСЕЛЕ

Әлеуметтік жағдайды жақсарту мәселесі баспанаға тікелей байланысты екеніне ешкім таласа алмас. Өйткені бүгінде жұмыссыздық көптеген мемлекеттің сызжарасы болса, бас сақинасы баспана болып отыр. Осы орайда, қамқорлыққа мәжбүр жандарға қолжетімді пәтер мүмкіндігін тудыру Жолдау жүктеген міндеттердің бірі болып табылады. Сондықтан қалың бұқара Мемлекет басшысының тұрғын үйге қатысты Жолдауда айтылған бастамасын түбегейлі құптап, «Қолжетімді баспана–2020» бағдарламасына айрықша қуанышты.

Нұргиса ЕЛЕУБЕКОВ (фото)

Әлемдегі айтулы қаржыгерлер алдағы уақытта болатын қаржы дағдарысының салдары бойынша сан түрлі болжам айтса, алпауыт мемлекеттер әр жерде бас қосып, дағдарысқа қарсы қолданатын «иммунитетті» іздестіруде. Осы орайда, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті, Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың ағымдағы жылғы «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Қазақстан халқына арнаған Жолдауы қаржылық дағдарысты еңсеретін әрі таяудағы онжылдықта атқарылатын жұмыстардың нақты бағдары деп айтуға болады. Болжанған дағдарысқа әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткішін сақтай отырып қарсы әрекет ету, жұмыс орындарын сақтап қана қоймай, 1,5 миллион адамды жаңа жұмыс орындарымен қамту – ертеңіне сенімді мемлекеттердің ғана қолынан келетін іс. Бұл орайда Орталық Азияның барысы алдағы уақыттағы қоғамымыздың қай саласының болсын дамуын басты назарға алып отыр.

Жолдаудағы Үкіметке берілген тапсырмаларға сай, алдағы уақытта еліміздің әлеуметтік әлеуетін арттырып, экономикасына тың серпін беретін бағдарламалар дүниеге келмек. Бұл бағдарламалардың басты мақсаты – қазақстандықтардың күнбе-күнгі кездесетін мәселелерін шешу. Яғни өмір сүру деңгейін арттыру. Соның бірі – жуырда қабылданған «Қолжетімді баспана–2020» бағдарламасы. Оның ерекшелігі, бағдарламада тұрғындардың үй мәселесін шешудің бірнеше бағыты қарастырылған.

Елбасы баспана мәселесін бюджеттің бір тиынының өзі есептеулі әрі қысылтаяң уақытта жайдан-жай алға шығарып отырған жоқ. Өйткені бұл – халықтың ең жанды жері, шетін мәселесі. Сондықтан ол – дер кезінде қолға алынған тың бастама деуге толық негіз бар бағдарлама.

Мемлекет басшысының Үкіметке жүктеп отырған міндеті – алдағы уақытта жарты миллионнан астам жас отбасын жеке баспанамен қамтамасыз етіп, жалға берілетін тұрғын үй алаңын 1 млн шаршы метрге жеткізу. «Оған қоса, жалға алғаны үшін жасалатын төлем әл-ауқаты орташа отбасы мүмкіндігіне сай болуы тиіс», – деп ел көкейіндегіні Жолдауда дәл тапқан. Осы орайда, жүзеге асқалы тұрған «Қолжетімді баспана–2020» бағдарламасы тек қана үй мәселесін шешіп қана қоймай, халықтың көптеген әлеуметтік-экономикалық, рухани, мәдени, демографиялық мәселесін шешуге септігін тигізбек. Несін жасырамыз, бүгінде отау құрғанымен, басыбайлы баспанасы жоқ, ортақ қазанын ортайтып, пәтер жалдап жүрген жастарымыз дүниеге бала әкелуге шешім қабылдауда тәуекелге бара бермейді. Пәтер жалдап, соның ауыртпашылығынан ажырасып кетіп жатқандары да кездеседі. Ал өзінің жеке тұрғын үйі бар отбасының қаражаты үнемделіп, тұрмысын жақсартуға мүмкіндік алатыны, оның демографияға да оң ықпал ететіні сөзсіз.

Елімізде бұған дейін жас отбасыларды, сондай-ақ мемлекеттік қызметкерлер мен әлеуметтік сала мамандарын тұрғын үймен қамту жөніндегі бағдарламалар жүзеге асырылды. Ал қолданысқа енгізілген бағдарламада ұзақмерзімді жалға алу, кейін сатып алу мүмкіндігінің қарастырылуын өзіндік жетістік деп айтуға болады. Осы орайда, мемлекет дүниеге келген сәбиге байланысты жас отбасының жалға алған пәтерінің қарызын белгілі бір мөлшер бойынша қысқартуды өз мойнына алуы керек. Мұндай әдісті қолданып отырған мемлекеттердің тәжірибесін саралап, өзімізге енгізуге біздің де қаржылық мүмкіншілігіміз жеткілікті деп ойлаймын. Сонымен қатар жас отбасы деңгейінің жас ерекшелігін 29-дан 34-ке дейін ұлғайту жағын ойластырғанымыз жөн секілді. Себебі бұл жас мөлшері ел ертеңінің пісіп-жетілуіне, салмақты деңгейде қалыптасуына көп көмек болар еді.

Жалпы алғанда, қай жағынан қарасақ та, «Қолжетімді баспана–2020» бағдарламасы құрылыс саласының қарқынды дамуына әсер етеді. Тағы да жаңа жұмыс орындары ашылып, құрылыс материалдарын шығаратын өндіріс орындары жұмыс істейді. Салық түсімдерінің көлемі ұлғаяды. Мұның бәрі түптің-түбінде өңірлерді де дамытуға ықпал етпек. Дегенмен бағдарламаға сай құрылысы жаңадан жүргізілетін тұрғын үйлерде азаматтардың жайлы өмір сүрулеріне барлық жағдай жасалынып, балалардың ойын алаңдарының көбеюіне, үй төңірегінің абаттандырылуына басынан назар аударылуы керек. Мектеп, балабақша, демалыс, сауда орындары да назардан тыс қалмауы қажет.

Соңғы 10 жылда дамудың даңғыл жолына түскен мемлекетіміздің құрылыс саласы табыстан құралақан емес. Сәулет өнерінің озық үлгісін қолдана отырып, Астана, Алматы және басқа да өңірлердің дамуына сән қосқан көптеген ғимарат бой көтеруде. Алдағы уақытта құрылыс жұмыстары жаңа биіктерге көтеріле түспек. Ал алып құрылыс алаңына айналып отырған елімізде бұл салада бағындырылған биіктермен қатар, жіберілген кемшіліктердің де болуы – ойланарлық жайт. Жергілікті атқарушы билік «бөлінген қаржыны уақтылы игердік, сапасы сан соқтырмайды» деп жар салғанымен, қарапайым халық басқаша айтады. Құрылыс жұмыстарын жүргізуші компаниялар қажетсіз жұмыстарды жүргізіп, ел арасында «черновой» атанып кеткен үйлерді пайдалануға беріп, халыққа артық күш салуда. Екі жақтың пікірі екі түрлі. Қорытындысы – бюджеттен бұл мақсатқа қомақты қаржы бөлініп, игерілгенімен, нәтиже ойдағыдай емес. Бұл туралы қаншама рет БАҚ-та айтылып, жиындарда сөз қозғалғанымен, құлағымыздың еті өліп, елеуден қалдық. Мұның соңы Қарағандыдағы «Бесоба» тұрғын кешеніндегідей апатқа әкеліп отыр. Аталған тұрғын үйді салу барысы өрескел қателіктерге бой алдыртып, «айқайдың» күшімен біткені бүгінде дүйім жұртқа белгілі болды. «Айранды ішкен құтылып», баспанасыз қалған елдің көз жасына бюджеттен берілетін қаржы тыйым болса игі. Барынан айырылғандарға қолдан келер көмек көрсетіліп, нақты жазықтылар заң алдында өз жазаларын алуы тиіс.

Мұндай кемшіліктер құрылыс сапасына бас-көз болатын Қазақстан Республикасы Құрылыс істері және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы агенттігінің ресурстық күшінің жетімсіз екенін дәлелдеп отыр. Өйткені былтырғы Жолдауында Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев Үкіметке қазақстандықтардың өмір сапасын жақсартуға бағытталған үш бірдей бағдарлама даярлап, оны жүзеге асыруды жүктеген болатын. Соның бірі – Қазақстан Республикасының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жаңғыртудың 2011 – 2020 жылдарға арналған бағдарламасы.

Бағдарламаның жүзеге асырылуына бірден-бір жауапты – ҚР Құрылыс істері және ТКШ агенттігі. Агенттіктің 2011 жылдың қорытындысы бойынша жасаған есебінде бағдарлама шеңберінде республикада 1,5 млн шаршы метрді құрайтын 373 көпқабатты үйге жөндеу жұмыстары жүргізіліпті. Бағдарлама тұрғындар тарапынан қызу қолдау тауып, ағымдағы жылға үй жөндеуге мыңға жуық адамнан өтініш түскен. Жақсы бастаманың атқарылуын бақылау барысында атқарушы органдардың жұмысты дұрыс ұйымдастырмауынан да көптеген кемшіліктің орын алғаны анықталған. Сондай-ақ өткен жылдан бері аталған агенттік жергілікті атқарушы органдар жүзеге асырып келген мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау және лицензиялаудың құзыреті мен өкілеттігін де өзіне жүктеп алды. Сондықтан бір басына шаш етектен функцияларды жүктеп алған агенттіктің күшімен қордаланған мәселелерді шешу, жұмысты алып жүру мүмкін емес деп санаймын. Осы орайда Министрлер кабинеті жедел түрде өз алдына Құрылыс істері жөніндегі жеке агенттік құрып, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын одан бөлуді ойластырулары керек. Осындай қадамдарға бару арқылы ғана біз құрылыс пен тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы саласындағы істің сапасына бақылау жүргіземіз. Ең бастысы, басы даудан арылмайтын салаларды жіліктеп, жіктеп, қыруар шараны атқаруда қарапайым тұрғындармен біте-қайнаса жұмыс істеуге мүмкіндік аламыз.

Әр нәрсе ел игілігіне жасалу керек. Бізге осының түсінетін кез жетті. Оған ең бірінші халықтың әлеуметтік мәселелерін шешіп беру арқылы жақындау өте маңызды. Сондықтан бұл бағытта атқарушы билікке халық жағына қарай ойысқан аса тиімді. Ал бұған Елбасының биылғы Жолдауы зор мүмкіндік беріп отырғанын жасыруға болмайды.

Қожахан ЖАБАҒИЕВ,
Мәжіліс депутаты, «Нұр Отан» ХДП фракциясының мүшесі

АЛАШТЫ АЛАҢДАТҚАН САУАЛ

Сыбайлас жемқорлық деректерін тиісті органдарға жеткізгендерге ынталандыру жүйесін енгізу қажет пе?

Талғат ИСМАҒАМБЕТОВ, *саясаттанушы:*

– «Ұзын құлақ» функциясын атқарып, қылмыс жөнінде ақпарат айтқандарға қаржылай ынталандыру жасау әлемнің көптеген елінде бар. Әрине, мұны жақсы нәрсе деп айта алмаймын. Оның үстіне, мұндай үрдісті бізге енгізе қою оңай емес. Батыс елдерінде ол сәтті жұмыс жасап жатуы мүмкін. Бірақ біздің менталитетіміз «құлақ» деген ұғымға мүлде жағымсыз қарайды. Батыс елдері мемлекетке сенеді. Сондықтан олар қылмыс туралы мемлекетке хабарлаудан қорықпайды. Ал біздің жағдайда кімнің қой, кімнің қасқыр екені белгісіз. «Аш бәледен қаш бәле» принципін ұстанады. Себебі біреудің қылмысын, жемқорлығын әшкере қылған адамның өзіне қауіп төнеді. Бізде ол ақпаратты кім бергені бірден белгілі болып қалады. Сол арқылы ақпарат беруші адамға қауіп төнеді. Екінші жағынан, мұндай бастама тек ұсақ-түйек қылмыстарды ашып, жұрттың бір-біріне қастандық ойлауының тәсіліне айналып кетуі мүмкін. Шағын оқиғалар үшін, болмашы тиын-тебеннің орынсыз жұмсалып жатқаны туралы ақпарат бергендердің бәріне ақша төлей беретін болса, бұл әлдекімдердің күнкөріс тәсіліне айналып кетуі мүмкін. Ал қомақты қаржы жұтылып жатқан жемқорлық оқиғаларға мұндайдан келіп-кетер ештеңе жоқ.

Замир ҚАРАЖАНОВ, *саяси сарапшы:*

– Орталыққа мәлімет жеткізіп отыру бізде жағымды құбылыс ретінде бағаланбайды. Дегенмен жемқорлықпен күресу керек қой. Дәл қазір біз қоғамға жемқорлықты қауесет тасушылардан гөрі жаман қасиет екенін түсіндіруіміз керек. Орталыққа мәлімет жеткізген адамға жаман көзбен қараймыз, ал жемқорға көзіміз үйреніп кеткен. Әрине, бұл дұрыс емес. Сондықтан жемқорлық жайында мәлімет берген адамдарды ынталандыру керек. Дегенмен, менің ше, біз оларды ынталандырмас бұрын олардың қауіпсіздігін қамтамасыз етіп алуымыз керек. Қазір ешбір ақша талап етпей-ақ азаматтық жауапкершілікпен мәлімет жинап беретіндер болады. Солардың өзіне көп жағдайда қауіп төнеді. Екіншіден, мәлімет тасу мәселесі шенеуніктердің, топтардың бір-бірімен күресуші тәсіліне айналып кетуі мүмкін. Әлдекімді қызметінен алу үшін болмағанды болды етіп, біреудің үстінен күйе жағып, жаппай сөз тасу акциясы басталып кетуі мүмкін. Сондықтан оның механизмі анық болуы керек.

Айгүл СӘДУАҚАСОВА, *Әлеуметтік-саяси зерттеулер институтының директоры:*

– Қазіргі жағдайда жемқорлықпен күрес біздің елдің күн тәртібінде тұрған негізгі мәселелердің бірі екені анық. Дегенмен ол үшін адамдарды бір-біріне тырнақ астынан кір іздетіп, айтақтап қоюдың қажеті жоқ деп ойлаймын. Біз репрессияны көрген, сөз тасудың қандай болатынын көрген халық болғандықтан, «құлақ», біреу туралы ақпарат жинау сияқты құбылыстарды жағымды қабылдай бермейміз. Мүмкін, бұл үшін уақыт керек шығар. Әрине, қылмыстың куәгерлері өзінің азаматтық жауапкершілігі ретінде көрген-білгенін айтуы керек. Бірақ бұл үшін оған ақша төлеудің қажеті жоқ. Өзінің аноним болып қалатындығына, қауіпсіздігіне кепілдік берсек болғаны. Еуропа елдерінде мұндайдың бар екенін білеміз. Бірақ оны өзімізге көшіруге асығудың қажеті жоқ.

Дайындаған Ләззат БИЛАН

АЛАШТЫҢ
ИДЕЯЛАР банкі

№110 (792) **26.06.2012 жыл,** сейсенбі

ЖАС КЕЛСЕ – ІСКЕ!

Талғат БАЙНАЗАРОВ,
22 жастағы математик:

МАТЕМАТИКАНЫ ВИЗУАЛДЫҚ ТӘСІЛМЕН ҚАРАПАЙЫМ ЕТУГЕ БОЛАДЫ

– Мен математика пәнін үш тілде аралас оқыдым. Түйгенім, ағылшыншасы – қызықты, ұғынықты, қабылдауға жеңіл. Өйткені оқулықтың тілі жат болғанымен, ондағы материалды ұсыну әдістемесі өте сәтті қолданылған. Ал қазақстандық оқулықтарды оқушылар мұғалімнің көмегінсіз меңгере алмайды. Себебі (2011 жылға дейін басылып шыққан оқулықтарда) есептердің жартысының жауабы көрсетілмеген және 50-60 есептің екеуінің ғана шығару жолдары берілген. Осының өзі оқушыны тығырыққа тірейді. Демек, математика пәнінде тіл емес, есептерді қызықты етіп ұсына білу маңызды болып табылады. Сондықтан сабақты түсіндірген кезде мұғалімдер көрнекілік құралдарды жиі пайдаланса дейміз. Мәселен, 11-сыныптың математика кітабында интеграл «алғашқы функциялардың жиынтығы» деп түсіндіріледі, болды. Осы күйінде оны түйсіну, әрине, қиындау. Ал интегралды баланың күнде көріп жүрген заты, мысалы, лимон немесе алма пішіндес нәрселердің көлемін табу үшін қолданамыз десек, әлгі оқушы үшін қорқынышты ұғым әлдеқайда түсінікті, ұғынықты болады. Міне, осы мақсатта өзімше ізденіс жүргіздім.



GEOGEBRA – *геометрия, алгебра, планиметрия пәндерінде қолданылатын кескіндер, функцияларды динамикалық түрде сызуға мүмкіндік беретін тегін компьютерлік бағдарлама. Бұл бағдарламаны австриялық математик Маркус Хохенвартер Java-да жазып шыққан. Математикалық интерактивті бұл бағдарлама 39 тілге аударылған, қазір әлемнің 149 елінде қолданылады. Бағдарлама тегін, кез келген компьютерге орнатып, қолдануға болады (5мб).*

Бірде интернетте отырып, филиппиндік бір мұғалімнің блогіне тап болдым. Онда геогебраға қатысты 50 шақты әдістемелік үйрету құралы бар екен. Егер бұларды орысшаға, қазақшаға аударсақ, математиканы оқушыларға қызықты да түсінікті етіп үйретуге болады ғой деген ой келді. Сөйтіп, оны ағайларыма көрсеттім, солай аударма жұмысы басталып кетті…

Кейіннен байқағанымыздай, геогебраның көмегімен оқушыларға қиын математикалық формулалар мен терминдер әлдеқайда түсінікті бола бастады. Мен сабақ беретін сыныпта оқымайтын бір бала функция тақырыбын өткеннен кейін біздің сайттан бағдарламаны жүктеп алып, функцияның графигін салып, терминдерді өз бетімен түйсініп, ұққан екен. Яғни ол оқушыға ешкім нұсқаулық бермесе де, өзі оқып, бұл бағдарламаны игеріп алды. Осыдан-ақ оның қаншалықты жеңіл қабылданатынын байқауға болады.

Жаңашылдығы да сол – геогебра бағдарламасын осы күнге дейін ешкім бізде математикада пайдаланбаған. Оның өзі бертінде бағдарлама ретінде алғаш 2009 жылы пайда болған. Оның түпнұсқасы ағылшын тілінде жазылған. Батыс Еуропа, одан кейін Америка қолдана бастаған.

Редакция анықтамасы

2010 жылы математика мамандығы бойынша университеті тәмамдаған Талғат Байназаров Қостанайдағы Сырбай Мәуленов атындағы гимназияда жоғары сынып оқушыларына сабақ береді. Қазір Астанадағы Н.Назарбаев университетінде мұғалімдердің біліктілігін арттыру курсында оқып жүр. Бұл бағдарламаға республика бойынша 100 мұғалім іріктеліпті алынған.

Талғат геогебраны қазақшаға аударған, бағдарламаны қалай қолдану керектігін түсіндіретін agi. matshmedia.kz сайтын ашқан.

ТҰСАУЛЫ ЖОБА

Әлемдегі ең мықты жел-электр стансысы – ҚАЗАҚСТАНДІКІ

бірақ ол еліміздегі энергияның балама көздері бағдарламасына енбей тұр

Әлемде жаңартылған энергия көздерінің ішінде ең серпінді дамып келе жатқан коммерциялық түрінің бірі жел энергетикасы болып табылады. Сондықтан оның болашағы зор екені анықталып отыр. Бізде Майлыбаев, Баялиев, Бүктіков секілді ғалымдар батыстың жел энергетикасы қондырғысына бәсекелесе алатын, сапасы жағынан екі есе мықтысын, құны да екі есе арзанын жасап шыққан. Алайда олар еліміздегі жел энергетикасы бойынша жүзеге асырылып жатқан мемлекеттік бағдарламаға енбеген. Есесіне жекеменшік арасында бұл ғалымдардың дүниесіне деген сұраныс жоғары көрінеді. Дегенмен мамандар «бір данадан гөрі ол қондырғыны сериялап шығарсақ, мемлекет үшін де, ғалымдар үшін де тиімді болар еді» дейді.

Атын атамауды сұраған құзырлы ведомство қызметкерінің айтуынша, отандық ғалымдар ойлап тапқан жел-электр қондырғыларының сертификаты жоқ. Сондықтан олардың мемлекеттік бағдарламада пайдалануына жол жабылып тұрған көрінеді. Мысалы, бұл көшеде иісі бұрқыраған нан сатылып тұр, бірақ оның сатушысы чек бере алмағандықтан, дүкенде тұрып қалған бөлкені сатып алуға тура келетін жағдайға ұқсайды. Қалай дегенмен де ғалымдар жекеменшікпен өзара келісіп, өз қондырғыларын 650-700 мың теңгеге орнатып беріп жатыр екен. Бүгіндері мұндай жаңа құрылғы Шу, Жоңғар қақпасы, Қаратау жиегінде бой көтерген. Осыдан-ақ нарықта аталған тауарға деген сұраныс барын пайымдауға болады. Демек, отандық жел-электр қондырғысын сериялап шығарсақ ұтылмаймыз. Мәселен, жоғарыда аты аталған ғалымдар ішінде Н.Бүктіков еліміздегі «Сентрас» венчурлық қорымен әріптестікте жұмыс істеп, өз қондырғысына бірнеше дамыған мемлекеттен (Жапония, Германия, Оңтүстік Корея, Қытай, ТМД елдері және т.б.) патенттер алған. Бұл – нарыққа шығаруға дайын дүние деген сөз.

Отандық жел-электр қондырғысының техникалық көрсеткіштері:

– Э/э құны – 4-6 теңге;
– желдің екпініне төзімділігі – 2-3-тен 50-60 м/с;
–1 кВт-тық біздің шағын қуатты жел-электр стансысының сериялап шығарудағы құны – 1500$;
– жылына орташа есеппен 6000-7000 сағат жұмыс істейді;
– формасы құбыр немесе дөңгелек сипатында бітеу келеді, желдің жылдамдығына қарай қондырғының қалқаншасы автоматты түрде жабылып, ашылып отырады, сондықтан онда гүіл, діріл болмайды, құстарға да қауіпсіз.

Шетелдік жел-электр қондырғысының техникалық көрсеткіштері:

– Э/э құны – 15 евроцент, яғни 29 теңге;
– желдің екпініне төзімділігі – 3-тен 20 м/с, 4-тен 25 м/с;
– 1 кВт-тық еуропалық жел-электр стансысының сериялап шығарудағы құны – 3000-6000$ (шағын қуатты жел-электр стансысы үшін);
– жылына орташа есеппен 2500-3000 сағат жұмыс істейді (10 пайыздайы жылына кейде 5000 сағат жұмыс істейді);
– үнемі гүілден дыбыс шығарып тұрады, әрі қатты жылдамдықтағы айналма қалақшалары құстарға қауіпті. Бастысы, формасы диірмен секілді жел-электр қондырғылары теңіздің бір бағытқа соғатын самалына шақтап жасалған, сондықтан ол біздің континенталдық ерекшелігімізге сай, аласапыран, құйынды желімізге көп шыдай бермейді, яғни бүліну қаупі жоғары.

«Ұлттық инновациялық қор» АҚ-тың Қазақстан энергетикасындағы балама қуат көздері бойынша зерттеуіне сүйенсек, еліміздің қазіргі энергетикалық потенциалында жылу электр орталықтарының өндіретін электр энергиясының үлесі – 88%, гидроэлектрстансыларының үлесі – 12%, балама энергетикалық қуат көздерінен алынатын электр энергиясы 0,02%-ды құрайды екен. Осындай болмашы көрсеткішке қарамастан, елімізде жел, күн және су секілді балама қуат көздері энергетикалық ресурстардың едәуір бөлігін бере алатындығы ғылыми тұрғыда дәлелденіп отыр.

Осыны негізге алған мемлекетіміз 2030 жылға қарай еліміздің 46 аудан-нында қуаты 1 миллион кВт болатын жел-электр стансыларын салуды жоспарлап отыр екен. Мәселен, бүгіндері Оңтүстік Қазақстан облысының Кентау қаласында және Қарағанды облысының Шет ауданында жел-электр стансылары орнатылған. Ал таяуда Үдемелі индустриялық-инновациялық даму бағдарламасы аясында Маңғыстау облысында да жел-электр стансыларының құрылысы басталды. Бірақ бұған, негізінен, шетелдік қондырғылар тартылып жатыр, яғни климаты ұдайы құбылмалы болып тұратын біздің өңір желіне еш сәйкестендірілмеген. Отандық ғалымдар дүниеге әкелген туындыдан сапасы нашар, бағасы әлдеқайда қымбат. Осы арасы шынымен де өзегіңізді өртеп, өкінішке батырады…

Отандық қондырғыны мықты деген сөзіміз дәйекті болуы үшін салыстырмалы көрсеткіштерді бере кеткенді жөн көріп отырмыз.

ӨНЕРТАПҚЫШ ҒАЛЫМ МІНБЕРІ

Николай БҮКТІКОВ,
Қазақстан Республикасы Ғылым ұйымдары одағының президенті, профессор, Қазақ ұлттық жаратылыстану ғылымдары академиясының академигі:

ӨНЕРТАБЫСТЫ «ӨЛІМ ЖАЗЫҒЫНАН» АЛЫП ӨТУГЕ МЕМЛЕКЕТ КӨМЕКТЕССЕ ДЕЙМІЗ

– Біздің елімізде, егер қаражат жеткілікті болса, дүниежүзіндегі тың жаңалық деп табылған өнертабысты патенттеп, оның құнын белгілеп, тауар ретінде шығаруда қандай да бір үлкен кедергі жоқ. Өнертабыс үшін ең қауіпті кезең – маркетологтердің ауызекі тіліндегі «өлім жазығын» басып өту. Яғни осы жазықтыққа келгенде, көп өнертабыстар нарыққа шыға алмай, «өліп» кетеді.

Негізінен, әлемде супер жаңа дүниені тұтынатын суперноваторлар 2-ақ пайызды құрайды. Суперноватордан көріп, қызығып, ол затты сатып алатын новаторлар 16 пайызға тең келеді. Ал қалғанының жартысы көпшілік деп аталады. Олар алдыңғылардың пайдаланудағы тәжірибе нәтижесіне сүйенеді. Яғни жақсы дүние болса тұтынады. «Кешіккен көпшілік» дейтін тұтынушыларымыз тың дүниенің бағасы шамалы арзандағанда сатып алуға ықылас білдіреді. Ескі дәстүрді қолдап, соған «адал консерваторлар» тобы мүлде жаңаны тұтынбайды. Жер шарында мұндайлар да 2 пайызды қамтиды. Міне, осылардың ішіндегі супержаңашыл топты игеру – үлкен мәселе. Олар шалғай Қазақстанда дүниеге келген тың нәрсені қажет ете ме, ол да – проблема. Қалай дегенмен де өнертабыс иесі идеясының тауарға айналдырғанға дейін жұмсаған қаржысынан 2-3 есе көп ақшаны маркетингтік зерттеуге шығаруы әбден мүмкін. Шетелде мұндай қаржыны «бизнес-періштелер» немесе венчурлық қорлар бөледі. Бізде бизнес-періштелер жоқ, ал бизнесмендер әзірге дайын дүниені сатып, содан табыс табуға бейімделген. Бірақ ғылымға қаражат бөліп, жаңа нәрсе жасап шығарамын дейтін деңгейге жеткен жоқ. Елімізде 5-6 венчурлық қор бар. Оның ішіндегі тек қана «Сентрас» дегені тиімді жұмыс істеп жүр. Алайда оларда шетелдік венчурлық қорлардың капиталы секілді айналымында көлемді инвестиция жоқ. Қаржысы шектеулі. Сондықтан билік осы мәселеге назар аударса дейміз.

Бір мысал келтірейін. Осыған дейін елімізде мұнай өңдеу жұмысында пайдаланылатын катализатор деген құрал жасап шығарылды. Шетелдікінен сапасы мықты, бағасы арзан. Бірақ оны көп ешкім алмай отыр. Себебі бізде мұнай өндірушілердің басым бөлігі шетелдік компаниялар. Ал олар сапасының нашарлығына, бағасының қымбаттығына, қосымша тасымал құнының барына қарамастан, шетелдегі катализатор шығаратын еншілес немесе отандас компаниясының өнімін тұтынады. Өйткені компания саясаты солай жасалған. Нарықтық экономикада жекеменшікті мәжбүрлей алмайсыз. Қыстасаңыз, бұл заң бұзу болып табылады. Тауарды көшірмелеуден алдына жан салмайтын қытайлықтар осы катализатордың тиімділігін біліп алып, оны өздерінде қолданып, тіпті басқа нарықтарға шығармаса неғыл дейсіз?

Сондықтан бұл мәселе мемлекеттің араласуымен шұғыл шешімді күтеді.

Редакция анықтамасы

Ғалымның азан шақырып қойған аты – Құдайберген. Шығыс Қазақстан өңірі тумасының тағдырдың тауқыметімен балалар үйіне түскен кезінде аты түгіл, ұлты да өзгертіліп жіберіліпті. Кейіннен ғалым төлқұжатындағы «орыс» деген жазуды өзінің «қазағына» алмастырған. Жеке басын куәландыратыннан басқа да көп құжатты жөндеуге тура келетін болғандықтан, ақыл кеңшті ағамыз атына тиіспеген шығар деп болжаймыз. Өйткені ол кісі 200-ден аса ғылыми жұмыстың және 30 шақты өнертабыстың иесі. Ол кісінің аты-жөні кеңес заманында «Комсомол даңқы» жазбасына (Летопись комсомольской славы) енгізілген. Ғылымының шоқтығы биік сол дәуірдің көптеген төсбелгісімен марапатталған. Оның ішінде «КСРО өнертапқышы» белгісіне де ие.

25 маусым – Дүниежүзілік өнертапқыштар мен рационализаторлар күні

ЕЛ АРАСЫНДАҒЫ ӨНЕРТАПҚЫШ

Соңғы кездері «Шымкентте біреу «Тойота» көлігінің қозғалтқышын ауыстырып, оны дүниеде теңдесі жоқ шаң қаптыратын көлікке айналдырыпты» деген алыпқашпа сөзді арагідік естіп қалып жүрміз. «Жел тұрмаса шөптің басы қимылдамайды» демекші, сұрастыра келе, жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар шығартқан ағамыздың, шынымен де, шымкенттік екенін анықтадық.

Ат жаратқан қазақ «темір тұлпарды» да дүлдүл ете алады

Ел арасындағы Сәкен Исаев деген өнертапқыш ағамыз тәуекелге жаңа суперқуатты қозғалтқыш туралы идеясын автокөлік өндірісінде пайдаланып, оны, ең бірінші, полиция машинасына орнату қажеттігін айтып, еліміздің ішкі істер министрі Қалмұханбет Қасымовтың блогіне хат жазған екен.

– Мен іштен жануы екі есе мықты, екі есе жылдам және он есе үнемді қозғалтқышты ойлап таптым. Мұндай қозғалтқышы бар автокөлік 100 шақырымға 1-1,5 литр ғана отын тұтынады. Тіпті интернет-сайттарға осы қозғалтқышымды тәжірибе жүзінде сынаудағы бейнеролигін де орнатып қойдым. Бұл менің идеямның немесе өмірімнің сақтандыруы болып табылады.

Ішкі істер министрлігіне екі жаққа да тиімді ұсыныс жасай отырып, 100 мың доллар сұраймын. Бұл қаражатқа жарты жыл ішінде 20 қозғалтқыштан тұратын сынамалы партияны әзірлеп шығуға уәде беремін. Суперқуатты қозғалтқышты полиция көліктеріне орната отырып, бірініден, ел қазынасын біршама үнемдер едік, екіншіден, полицейлер жанар-жағармай жағына көп бас ауыртпайды, сондықтан олар көшеге жиі рейдке шығады, бұл – қылмыстық деңгейдің күрт төмендеуіне ықпал ететін фактор, – делінген өнертапқыштың хатында.

Алайда министр мырза мәнісі үлкен бұл хатқа жауапты қысқаша қайырыпты. Оның айтуынша, бұл мәселемен Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі айналысады. Құзырлы орындар осылайша жаңашылдыққа назар аударғысы келмегенімен, қазірдің өзінде ел арасындағы өнертапқыш ағамызды іздеп жүрген новатор тұтынушылар жеткілікті көрінеді.

БОЛ@ШАҚ

Қазақстандық өнертапқыш ұшатын белгісіз объектінің құпиясын ашты

Павлодарлық өнертапқыш Данияр Таниев ұшатын белгісіз объекті (НЛО) құпиясын ашқанын айтады.

Оның айтуынша, «тәрелкеде» пайдаланылатын технологияны еліміз қолданса, әлемдегі мықты мемлекетке айналады. Әзірге ол өзінің идеясын жариялауды жөн көріп отыр. Өйткені оны басқа біреулер меншіктеп ала ма деп тартыншақтайды. Қазір оны ғалымдардың талқысына ұсынып қойған екен. Құпия технология энергетика, көлік және коммуникация, құрылыс саласын модернизациялауға ықпал ете алады, тіптен бүкіл салада прогрестің орын алуына мүмкіндік береді.

Ноутбуктер газға көшеді

Жақында ұялы телефон мен ноутбуктердің қазіргі қолданыстағы токпен қамтылған аккумуляторынан 20 есе көп қуат беретін жаңа құрылғы нарыққа шығарылмақшы.

Көлемі темекі қорабындай бұл құрылғы бутанмен жұмыс істейтін болады. Бүгіндері «көгілдір отынмен» қоректенетін аккумулятор авторымен бұл өнертабысты нарыққа шығару үшін Samsung Electronics пен Neo Solar компаниялары келіссөз жүргізіп жатыр екен.

2025 жылы жерден тыс тірі санамен байланыс орнайды

SETI@home жобасының бас астрономы Сет Шостак «Жерден тыс сана 2025 жылы анықталады» дейді. Егер микроэлектроника Мур заңдылығы бойынша дамуын жалғастырса…

Негізі, бүгіндері микропроцессор индустриясы осы заңдылық бойынша дамып келеді. Шостактың пікірінше, егер сол құбылыс өз жалғастығын тапса, 2025 жылы радиотелескоптар Жерден 500 жарық жылы әрі ғарыш кеңістігіндегі дыбыстарды қабылдай алады. Болжамдар бойынша, біздің галактикамызда шамамен радиотолқынға шығатын он мың саналы өркениет бар көрінеді.

САУАЛНАМА

Еліміздің климаттық және басқа да ерекшеліктерін ескеріп жасалған отандық өнертабыстың орнына неге шетелдің бөтен технологиясы пайдаланылады?

Тоқтамыс МЕҢДЕБАЕВ, *техника ғылымының докторы, профессор:*

– Бізде әлемдік деңгейдегі өнертабысқа тең келетін, ашылып жатқан жаңалықтар көп. Бірақ қолдау жоқ. Нақтырақ айтқанда, сол өнертабысты пайдалануға құлықты емеспіз. Мәселен, мен зертхана көмегіне жүгінбей-ақ, су ұңғымасының (скважина) ішіне салып, судың құрамын айқындайтын аппарат ойлап таптым. Соны мемлекеттік тапсырыс бойынша шығаруға ұсындым. Алайда оның жолы болмады. Өйткені әлгі аппарат айна секілді судың сапасын анықтап береді. Жекелей зерттеулер жүргізгенде еліміздегі су ұңғымаларының басым бөлігіндегі су сапасының нашар екенін анықтадық. Ал бұл – құзырлы ведомство үшін керек емес нәрсе. Әйтпесе мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігін арттыратын – тың идея мен өнертабыс. Сол себепті дамыған мемлекеттер өнертабысты көбірек шығарып, оны патенттеп, қорғауға мүдделі болады. АҚШ жылына – 350 мың, ал Қытай 300 мың өнертабысты тіркеп, патенттеп отырады. Оның құқығын мемлекеттік деңгейде қорғайды. Сол себепті бұл мемлекеттердің дамуында нәтиже бар.

Алғатбек ҚЫДЫРБЕКҰЛЫ,
экономика ғылымының докторы, профессор:

– Біздің билікте отырған жас буын өкілдерінің бойында нигилизм бар. Яғни оларда «біз техника және технология жағынан дамымағанбыз, ғылыми даму жоқ, Африканың деңгейінде қалып қойған елміз» деген түсінік қалыптасқан. Шындығында, осы жас буын Қазақстанның ғылыми әлеуетімен таныс емес. Әйтпесе ең мықты эндокринолог, ең мықты металлург, ең мықты мал шаруашылығы – біздің елімізде. Соны мойындағысы келмейді. Сол себепті шетелдің жылтырағына әуес. Соның салдарынан елімізде 13 мыңға жуық өнертабыс 10-15 жыл болды, сұраусыз жатыр. Кеңес заманында өнертабыс бойынша жарыс болатын. Оның иелерін марапаттап, сыйақы мен атақ беретін. Қазір осының бірі де жоқ. Насихат болмаған соң ғылыми жаңалықтарымыз қалтарыста ескерусіз қалып қоюда. Әйтпесе мен нақты айта аламын, миы мықтылар бізде толып жүр.

Әбді ҚИЯЛБАЙҰЛЫ, *техника ғылымының докторы, профессор:*

– Кез келген салада пайдаланылатын жаңа технология мен жаңа материалдарда үлкен кемшіліктер бар. Жол салу, тұрғын үй құрылысы салаларында дегендей. Бізде шешім үнемі асығыс қабылданады. Мұның бәрі сырттан әкелінген жаңа технологияның біздің өңірге жарамды-жарамсыздығын немесе жаңа материалдың бізде пайдалануға төзімді-төзімсіздігін зерттемеу, соны зерттейтін кәсіби білікті мамандардың аздығы секілді мәселелермен тығыз байланысты. Демек, мамандар әзірлеп, сырттан келетін технологияны зерттейтін бір салалық зертхана ашу керек. Ол кейін сол материалдың қолданысына да тыйым салуға мінездеме бере алады. Сонда отандық сапалы өнертабыстар олардың орнын басар еді. Бірақ ескі, зиянды технологияға нарық заманы деп қазір ешкім тыйым сала алмайды. Сондықтан осының бір тетігін ойластыру керек.

Бетті дайындаған Кәмшат САТИЕВА

АЛАШТЫҢ
КИНОиндустриясы

№110 (792) **26.06.2012 жыл,** сейсенбі

●Жылдың ең үздік жобасы

Жоңғар шапқыншылығында ерен ерлік көрсеткен жаужүрек мың бала жайлы ауыздан-ауызға тарап, бүгінге жеткен ерлік дастаны кинотуындыға айналып, қалың қазақты дүр сілкінтті.

«ЖАУЖҮРЕК МЫҢ БАЛА» – ерліктің жаңаша дастаны

«Жаужүрек мың бала» қазақ киносының «Қыз Жібек», «Атамекен», «Атаманның ақыры», «Менің атым – Қожа», «Ғаһартас» тәрізді санаулы ғана фильмдерден кейін көзден бұлбұл ұшқан бағын қайта оралтып, мәртебесін қайта асқақтатқандай болды. «Қазақ көрермені төл киносын меңсінбейді, қазақы дүниені түсінбейді» деген сөз бекер болып шықты. Қаракөз қауымнан тұратын қалың әлеумет Америкаға тіпті де өз қағынан жерігендіктен сілекейі шұбыра қарамапты, ол рухани аштықтан туындаған мәжбүрлік болса керек. Жаратылысынан бекзат болмысты халқымыздың бүгінгі өрімдей ұл-қызы ата-бабаларының шерлі де шежірелі тарихын танымастай, тебіренбестей және одан рухтанбастай мәңгүрт те, марғау да емес екен. «Жаужүрек мың баланың» бәсін арттырған да – көрерменнің осы ынтаықыласы.

Тағы бір анығы, әдетте киноның бүкіл тағдырын, қадір-қасиетін қаржы-қаражатқа әкеліп тіреп, «Қол қысқа болды. Әйтпегенде тау қопарар едік» дейтіндердің бәрінікі – жай сылтау. Негізгі мәселе – туындының идеялық тінінде, өзегінде. Бұл тұрғыдан алғанда, «Жаужүрек мың бала» өзімен тақырыптас «Көшпенділерден» де, «Сардардан» да оқ бойы озық тұр. Яғни мұнда жекелеген бір тұлғаның, жалғыз батырдың емес, тұтас халықтың, онда да еңбегі еш, тұзы сор қарапайым қауымның бейнесі, рухы айқын көрініс тапқанының өзі – фильмнің басты ерекшелігі деуге болады. Күні кешеге дейін «жоңғардың тепкісінен хандар мен билердің, санаулы батырлардың данагөйлігі, ерлігі арқасында құтылдық» деп ойлап келген жұрт аталмыш фильмнен кәдімгі қараша халықтың тегеурінін, жанкештілігін көріп толқыды, таптаурын түсініктерден өзгеше ой түйді. Қанды қырғынға көптің бірі болып кіріп, қасық қаны қалғанша жан алып, жан беріскен және сол елеусіз қалпында ұрыс даласында көз жұмған белгісіз боздақ қаншама! «Жаужүрек мың бала» – қазақ деген дархан халықтың сол қайсар перзенттеріне арнап, кештеу болса да, керемет сомдалған келісті дүние. Осы арада мынадай бір ой келеді: негізі, кез келген соны дүние жаңаша ойлай алатын, білімді, қасаң түсініктер мен стереотиптерден ада сергек санадан туады. Ал бұған дейін де өз студиясы болған және «Рэкетир», «Адасқандар», «Ағайынды», «Ликвидатор» секілді фильмдерімен-ақ көрерменін елең еткізген талантты жас Ақан Сатаев өзіне жүктелген аманатты абыроймен алып шыға білетін үлкен жауапкершілік иесі екенін көрсетті. Алайда «Біздің қазіргі жағдайымызда мұндай үлкен көлемді жобаға мемлекеттің көмегінсіз ешбір жекеменшік студия аяқ баса алмайды. «Жаужүрек мың бала» секілді қымбат кино түсіру үшін үкіметке қарауға мәжбүрміз» деп өзі айтпақшы, мемлекеттің немесе меценаттардың тарапынан қолдау болған жағдайда Ақанның қазақ жұртының төбесін көкке жеткізердей дүниелерді әлі де жарыққа шығарарына сенуге болады. Бұл ретте: «Менің жаныма экшн, мистикалық триллер жақын. Комедия да түсіріп көргім келіп жүр. Бірақ барлығы сценарийге келіп тіреледі. Егер мықты сценарий болса, ол қай жанр болса да, тіпті арт-хаус болса да түсірер едім», – дейді жігерлі жас.

Бұл, әрине, болашақтың шаруасы. Ал әзірге белгілісі – бізде батыстың киноэкспансиясына тосқауыл қойып, төл кинонарығымызға иелік ете алатындай шығармашылық күш, әл-ауқат бар. Көрерменге ұсынылар әрбір фильм «Жаужүрек мың баладай» отты, рухты болып шығар болса, ұлттық идеологияның көкесі де – сол! Яғни қалғып кеткен қазақы рух сол ержүрек Сартай, Таймас, Қорлан тәрізді тұрымтайдай ұл-қыздар бейнесімен қайта оянады, қайта түлейді. Қалай болғанда да, біз осыған сенеміз.

ТАҚЫРЫПҚА ТҰЗДЫҚ

Екі айға жетер-жетпес уақыт аралығында 2 миллион доллар жинап, тапқан табысы жағынан отандық фильмдердің алдына шыққан «Жаужүрек мың бала» тарихи драмасы 6 шілдеден бастап «Хабар» телеарнасының эфирінен көрсетіле бастайды.

17 мамырда Канн кинофестивалінде көрсетілген көркем фильм шетелдіктердің де ыстық ықыласына ие болыпты. «Голливуд блокбастерлерінен еш кем түспейді» деп бағалаған шетелдік сарапшылар фильмнің көрерменге тартар жолының сәтті болатынына да болжам жасапты.

●Көңілдегі кейіпкер

ЖАҢА КАРТИНАДА – ЖАҢА БЕЙНЕ

Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының студенті Асылхан Төлепов Сартай рөліне 22 мың үміткердің ішінен таңдалып алыныпты.

Тарихи картинада ержүрек батырды сомдаған жас актерді алдағы уақытта жаңа бейнеде көріп қалуымыз ғажап емес.

«ЗТМА Pictures» компаниясы «Әке парызы» деген бастапқы атпен жаңа жобаны қолға алды. Драма жанрындағы бұл картинаға қазақ өнерінің белгілі сағлақтарымен қатар Асылхан да шақырылып отыр.

Гүлшарат ЖҰБАЕВА, актриса:

КИНОҒА ТҮСЕТІН КЕЗІМ КЕЛЕДІ...

Режиссер Ермек Тұрсыновтың «Келін» картинасы арқылы бірден жарқ етіп көрінген Гүлшарат Жұбаева – өнердің әншілік, бишілік, әртістік, суретшілік сияқты бірнеше түрін қатар меңгерген талантты жас. Аталмыш фильмдегі айтулы рөлінен кейін экраннан көріне қоймаған Гүлшарат көрерменін жақсы образдарымен қуантар кезінің алда екеніне сенеді. Жалпы, өмірде ол – өте ашық-жарқын, кішіпейіл де қарапайым жан. Содан болар, актрисамен әңгімеміз де мейлінше шынайы өрбіді.

«КЕЛІННЕН» КЕЙІН ШУ ШЫҒАТЫНЫН БІЛГЕНМІН

– Негізі, мен музыкалық-хореографиялық училищені қызыл дипломмен бітіргенмін, – дейді Гүлшарат. – Бірақ өнерге баруыма туыстарым қарсы болып, заң колледжіне түсірген. Оны тамамдаған соң, Атыраудағы Х.Досмұхамедов атындағы университеттің заң факультетін бітірдім. Одан кейін заңгер ретінде – прокуратурада, анда-мұнда біраз жұмыс істеп жүрдім де, бәрібір айналып театрға келдім. Яғни менің екі мамандығым бар: орта-арнаулы білім бойынша – бишімін, жоғары білім бойынша – заңгермін. Бишілік, продюсерлік жөнінен қазір Бішкек университетінің 4-курсында сырттай оқып жатырмын.

Шынымды айтсам, «Келін» бақытым болды ма, сорым болды ма, оны әлі айыра алмай жүрмін. Өйткені өмірімнің соңына дейін оның таңба болып жабысқаны – жабысқан. Қазір «Сол фильмге қалай түсті екенмін» деп ойлаймын және қатты ұяламын. Бір жағынан, ол маған берілген бір мүмкіндік болды. «Өнерге аяқ басып, ішіне ену үшін де бір құрбандық керек шығар. Одан кейін ондай киноға түспеймін» деп ойладым. Былайынша, өнерге анау-мынау адам кіріп кете бермейді ғой. Қарап тұрсаңыз, қаншама адам, әдемі қыздар жүр. Бірақ жұлдызы жанатыны аз. Кастингке де көрікті деген талай актрисалар қатысты, «шешініп түсеміз» деген қыздар көп болды, бірақ өте алмай, жылап кетіп жатты. Яғни «тек шешінуге келісім бергенім үшін түсірді» деп ойламаймын. Негізі, «Келінде» керемет ойнадым деп есептемеймін. Тіпті ол кезде не істеп жүргенімді өзім де түсінбедім. «Келіннен» кейін театрға іздеп келушілер көбейіп кетті. «Ол неге шешінеді?!», «өлтіреміз» деп неше түрлі боқтық сөздер айтылды, ұялы телефонымнан да тыныштық кетті. Сол у-шу «Келін» «Оскардың» үздік ондығына еніп, Елбасының марапатын иеленгеннен кейін ғана саябырсыды.

Жалпы, фильм шыққан соң шу көтерілетінін, анау бір, мынау бір сөйлеп, ығыр ететінін мен о бастан білдім. Сол үшін тезірек тұрмысқа шығып кетуге тырыстым. Құдайға шүкір, күйеуім де, ата-енем де жақсы адамдар болып жолықты. Өнеріме түсініспікпен қарайды және ешқашан «сен сондай киноға түскен екенсің» деген емес. Әлі күнге дейін «мен тірі тұрсам, өнеріңді жалғастырасың» дейтін кісілер.

ТОЙ-ДУМАН ОРТАЛЫҒЫН АШСАМ ДЕЙМІН

Жолдасым – өз орнын білетін, өзін сыйлата алатын адам. Билегеніме де, ән айтқаныма да қарсы емес. Тіпті кейде кино көріп отырып: «Мынау сенің ойнайтын рөлің екен, жылайтын...» – деп қояды. Драмалық рөлдердің менің табиғатыма жақын екенін біледі. Мен де оның қадіріне жетуге тырысамын. Құдайға шүкір, әлі күнге дейін бір-бірімізге күніне жүз рет SMS жазбасақ, болмайды. «Сүйем сені», «сағындым сені» деп, содан айнымаймыз. Екеуміз де намаз оқимыз. Біреулер: «Келінге» жарықырап түсіп алып, енді намаз оқи қалыпты ғой...» – дейтін де шығар. Не деймін, Алла әркімге түсінік берсін.

Рас, қазір сахнадан сәл сырттап қалдым. Өйткені кішкентай екі балам бар. Енді өз-өзіме сәл келіп алайын деп іштей дайындалып жүрмін. Бірақ балалы болғаннан кейін де үйден шықпай отырып қалған жоқпын. «Шабыт» деген жеке студия ашып, бишілер дайындаумен айналысып жүрмін. Оларды жергілікті әкімшіліктер ұйымдастыратын концерттік шараларға, басқа да тойларға алып шығамын. Болашақта соны кеңейтіп, тойдуман орталығы ретінде ашсам деп ойлаймын. Өйткені біз қазір қыз ұзату, келін түсіру, шілдехана, тұсаукесер, сүндет той тәрізді салтдәстүрлік жөн-жоралғыларымыздың бәрін жасауды, той өткізіп беруді қолға алудамыз. Мұндағы мақсат – бидің ғана айналасында қалып қоймай, шеберлігімізді жаңжақты жетілдіру. Соңғы кезде ән айтып шыға бастадым. Елге бірден жарқ етіп көрсететіндей өзімнің әнімді іздеп жүрмін.

БІЗДІҢ АНЫҚТАМА
Жылы: Сиыр
Жұлдызы: Шаян
Актері: М.Монро, М. Өтекешова
Әншісі: «МузАРТ», ретро әндер
Жазушысы: Б.Соқпақбаев, М.Мағауин
Ақыны: Ф.Оңғарсынова
Әтірі: «Шанель»
Автокөлігі: «Хюндай Туксон»

●Кино-мұрағат

"Алты жасар Алпамыс"

Абдолла Қарсақбаевтың осынау танымал фильмінің жарыққа шыққанына биыл – 35 жыл. Ал картинаның қалай түсірілгені, кішкентай актерлердің қалай таңдалғаны – өз алдына ұзақ әңгіме. Әйтсе де қысқаша тоқталып өтейік.

ТҰҢҒИЫҚ ЖАНАРЛЫ АЛПАМЫС

А.Қарсақбаев Алпамыстың рөлінде ойнаған Ермек Төлепбаевты Тұраш Ыбыраевтың «Ақ автомобиль» атты қысқаметражды фильмінен көріп қалған екен. Режиссерге әсіресе баланың көзі ұнапты. Ал «кино балалығымды ұрлады, соған түсем деп дұрыстап оқи алмадым әрі кейіннен жұрттың бәрі тани беретіні жалықтырды» деген пікірдегі Ермек, кинодан көңілі қалғаны сонша, өзі түскен фильмдерді қазір мүлде көрмейді екен.

ТЕНТЕК САРЫ ҚАЛИХАН

Өзіне-өзі көңілі толғанда «Әй, өзім-ай» деп мақтанып қоятын тентек сары Қалихан – Ұлан Сарбасовты Абдолла аға футбол алаңынан тауыпты. Өзінің дегені болмаса, өзгеге көнбейтін әжет баланың мінезі режиссердің көңіліне қона кетіпті. Фильмде өзін-өзі ойнаған Ұлан, өкінішке қарай, мектепті бітіргеннен кейін белгісіз жағдайда қаза тауыпты.

АЛЫП ТАУДАЙ МҰНАР АТА

Мұнар атаның рөлі әуелде Кененбай Қожабековке берілген екен. Бірақ «сценарийдегі дана қария тұлғасына сырт пішінім ғана емес, ішкі жан дүнием, ой-сезімім үйлеспейтін сияқты. Бұл образ Қанекеме келіп тұр ғой» деп бас тартқан майталман актер Мұнар ата рөлінің Қанабек Байсейітовке жүктелуіне өзі себепкер болыпты.

ОПЕРАТОР ӘБІЛТАЙ ҚАСТЕЕВ

«Алты жасар Алпамыстың» операторы «қазақ бейнелеу өнерінің атасы» Әбілхан Қастеевтің ұлы – Әбілтай Қастеев болғанын бәрі біле бермейді. Әсіресе Мұнар ата бейнесін таудай етіп көрсетуде оператордың рөлі зор болған.

БАЛА ЖАНЫНЫҢ БІЛГІРІ

«Алты жасар Алпамыс» – Абдолла Қарсақбаевтың соңғы фильмдерінің бірі. Көзкөргендер бала жанын Абдолла аға сынды баурай білетін режиссердің кемдекем екенін айтады. Ол кісінің жасандылықтан ада, шынайы дүниелер түсіруіне өзінің де баладай пәк, аңғал болмысы себепкер болғаны анық.



Бетті дайындаған Роза ҚАРАЕВА

АЛАШ АЗАМАТЫ

№110 (792)
26.06.2012 жыл,
сейсенбі

www.alashainasy.kz РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ АҚПАРАТТЫҚ ГАЗЕТ e-mail: info@alashainasy.kz

ІЗДЕНІС

Ғылыми жобалардың жеңімпаздары анықталды

Алматыдағы «Достық» қонақ үйінде Білім және ғылым министрлігінің «Технологияларды коммерцияландыру» жобасы шеңберінде грантқа қол жеткізген ғалымдарға сертификаттар табыс етіліп, марапатталды. Салтанатты рәсім барысында жобаны сарапқа салған шетелдік ғалымдар мен коммерциализация саласының мамандары Гленн Швейцер, Андрес Мартин, Томас Настостар біздегі ғылыми жұмыстардың коммерциализациялау мүмкіндіктерін талқыға салды.

Технологияларды коммерцияландыру басқармасының бастығы Талғат Нұржановтың айтуынша, ғылыми жобаларға қойылған басты талап – еліміздің экономикалық әрі инновациялық дамуына ықпал ететін ғылыми-техникалық жаңалықтарға негізделуі. «Осы гранттық бағдарламаға арналған байқауға мемлекетіміздің көрнекті ғылыми орталықтары, ғылыми-зерттеу институттары мен жоғары оқу орындары қатысты. Халықаралық ғылыми және коммерцияландыру жөніндегі кеңес мүшелерімен нано, магнегаз, био, микротехнология, альтернативті энергетика, химия, робототехника, медицина, ауыл шаруашылығы, вирусология және тағы басқа салалар бойынша отандық ғалымдарымыз ұсынған 232 жобаның ішінен 25 жоба іріктеліп алынды. Нәтижесінде, Білім және ғылым министрлігі мен Дүниежүзілік банк 22 ғылыми жобаны қаржыландыратын болды», – дейді Талғат Болатұлы.

Ералы БЕКСҰЛТАН,
Дүниежүзілік банк қызметкері:

– *«Технологияларды коммерцияландыру» жобасы 2008 жылы өз жұмысын бастаған болатын. Бірақ ә дегенде жұмыстың баяу қозғалғаны рас. Жүйелі түрде былтырдан бастап өтіп келеді. Осы жолы шетелдік жеті ғалым шақырылды. Оның ішінде екеуі – жеке компаниялары бар нақты коммерцияландыру саласының мамандары. Олар ғылыми жобаны нарыққа дейін жеткізудің тетіктерін біледі. Мұнда ашылған жаңалықтың маңыздылығы мен нарыққа икемділігі теңдей сараланды. Іріктелген жобалар екі-үш жыл ішінде нарыққа жол табады деген үміттеміз. Шетелдік сарапшылар жыл сайын келіп ғылыми жобалардың жеңімпаздарымен кездесіп, ақыл-кеңестерін айтып отырады, басталған шаруаны аяғына жеткізуге тырысады.*

Арман СЕРІКҰЛЫ

БАҒДАРЛАМА

Күн қуатын тұтына бастадық

Мемлекет пен жеке кәсіпкерлер арасындағы серіктестік байланыстардың нәтижесінде Алматы облысы, Кербұлақ ауданындағы Сарыбұлақ ауылында күн нұрынан электр тогын өндіретін батареялар орнатылды.

Индустрияландыру күнінің аясында «Жасыл аула» деген атаумен өндіріске жол тартқан жаңа жобаның тұсауы кесіліп, Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Электроэнергетика және көмір өнеркәсібі департаментінің директоры Жақып Бөкенбаев, Оңтүстік Кореяның Қазақстандағы елшісі Бай Чоң Хон, «Достық-Энерго», «Дайсунг энерджи» компанияларының өкілдері Сарыбұлақ ауылының тұрғындарымен кездесті.

Қазақстан мен Оңтүстік Корея үкіметаралық келісімінің нәтижесінде іске қосылған жаңа жобаны жүзеге асыруға еліміз тарапынан «Достық-Энерго» компаниясы, Оңтүстік Кореядан «Дайсунг энерджи» фирмасы қатысып отыр. «Жасыл аула» бағдарламасы еліміздің шалғай ауылдарының әлеуметтік-экономикалық, индустриялық жағдайының көтерілуін көздейді.

Мұндай айтулы жобаға Сарыбұлақ ауылы кездейсоқ таңдалынған жоқ. Кербұлақ ауданының ең шалғай елді мекені, инженерлік инфрақұрылымында атқарылар ісі көп, малмен күнелтіп отырған небары 16 түтіні бар бұл ауылды облыс әкімдігі ұсынды. Он сегіз жылдан бері электр жарығы мен ауыз судан қиындық көріп отырған сарыбұлақтықтар жобаның нәтижесінде жаңадан орнатылған құрылғылар арқылы электр тогын және 130 метрлік тереңдіктен шығарылған жерасты суын тұтына бастады.

Мұндағы электр өндіретін күн батареяларының қуаты – 52 киловатт. Жаңа кешенді Оңтүстік Кореядан арнайы білім алып келген кербұлақтық екі маман жүргізеді.

Сағыныш НАМАЗШАМОВА,
Алматы облысы

ДАТ!

Абылай МЫРЗАХМЕТОВ, *«Атамекен» одағы» ұлттық экономикалық палатасының басқарма төрағасы:*

Салық мәселесімен айналысатын арнайы сот құрылуы қажет

– Абылай Исабекұлы, соңғы жылдары елімізде шағын және орта бизнес үшін біраз жағдай жасалды. Қазірдің өзінде Кедендік одақ аясында кәсіпкерлікті дамыту үшін ең қолайлы жағдай Қазақстанда деседі. Мемлекет бизнесті ашу үшін қажетті рұқсат беру қағаздарының санын қысқартып жатыр. Алдағы уақытта ол құжаттар тағы 30 пайызға азаяды. Кәсіпкерлердің мүддесін қорғап жүрген сіздің ойыңызша, осы уақытқа дейін бизнес ортада қандай өзгерістер болды? Айтылып жүрген жеңілдіктер кәсіпкерліктің дамуына қаншалық серпін берді?

– Шыны керек, еліміздегі бизнес ахуал жаман емес. Әсіресе Кедендік одақ құрылғаннан бері кәсіпкерлік саласында біраз оң өзгеріс байқалуда. Бүгінде ресейлік сарапшылар Қазақстанда бизнес үшін жасалып жатқан жағдайға жоғары баға беріп отыр. Бұл жерде олар көбінесе салық саласындағы жеңілдіктер туралы айтады. Мәселен, Ресейде қосымша құн салығының мөлшері 18 пайыз болса, бізде – 12. Сол сияқты ресейлік кәсіпкерлер табыс салығын 30 пайыз мөлшерінде төлесе, қазақстандық бизнесте оның деңгейі – 20. Бұл – үлкен айырмашылық, әжептәуір жеңілдік. Салықтан бөлек бізде әкімшілік салада да біраз жеңілдік жасалып, рұқсат қағаздарының саны қысқартылды. Осының арқасында өткен жылы Дүниежүзі банкінің Doing Business рейтингісінде Қазақстан 180 мемлекеттің ішінен 47-орынға көтерілді. Бірақ рейтингінің екі негізгі көрсеткішінде, нақтыласақ, кедендік рәсімдеу және құрылыс саласында рұқсат беру бойынша біз артта қалып, 176-орыннан көріндік. Дегенмен өзгеріс бар. 2011 жылы 1 мыңнан асатын рұқсат қағаздардың саны 30 пайызға азайды. Биыл Елбасы өзінің жыл сайынғы Жолдауы барысында сол құжаттарды тағы 30 пайызға қысқартуды тапсырған болатын. Енді қараңыз, осының алдындағы «қысқартулардан» кейін, рұқсат қағаздары 700-ден аспауы тиіс қой. Дегенмен оның саны, керісінше, 1 мың 115-ке (!) дейін өсті. Президент те өз сөзінде бұл мәселені ерекше атап өтті. Осыған орай Елбасы Министрлер Кабинетіне тиісті тапсырма да берді.

Жалпы, біз рұқсат беру құжаттары аясында қалыптасқан жағдайға былайша қараймыз: шенеуніктер өздеріне қажет емес құжаттарды қысқартады да, кәсіпкерлер үшін негізгі кедергі жасап отырған рұқсат беру қағаздарын қалдырып қояды. Уақыт өте келе, «қысқартылғандардың» орнына жаңа құжаттар «жазылады». Сондықтан осындай «арифметикалық» жұмыстың түбіне жетіп, мәселенің мәнісін шешу қажет деп білеміз. Ата Заңымыз – Конституцияда лицензиялау мен рұқсат беру құжаттарын енгізудің нақты мақсаты жазылған. Ол – азаматтардың өмірін қорғау. Мәселен, санитарлық қызметтер тағамның сапасын тексеріп, оның адам өміріне қауіпсіз екендігін анықтауы тиіс. Ал қазіргі жағдайда «жылғанның үстіне – жұдырық» болып, керек емес құжаттардың тізімі ұлғайтылып барады. Осының өзі – бизнес үшін қосымша кедергі. Ал содан барып әлгіндей кедергілердің «айналма» жолы пайда болып жатқаны жасырын емес.

– Осыған байланысты кәсіпкерлердің нақты бір ұсыныстары да бар шығар?

– Иә, біріншіден, құжат жасайтын барлық мемлекеттік мекемеге аудит жүргізу қажет. Біз дамыған елдердің, сондай-ақ ТМД елдерінің тәжірибесін саралап шықтық. Бүгінгі таңда Грузияның тәжірибесі туралы жиі айтады. Оларда өрт сөндіру және санитарлық-эпидемиялық тексеру мекемелері мүлдем жоқ. Оның орнына қоғамға келтірілген залал үшін қылмыстық жауапкершілік күшейтіліп отыр. Сақтандыру жүйесі де жақсы дамыған. Егер қандай да бір кәсіпкер адам денсаулығына зиян келтірсе, онда ол сақтандыру жүйесі аясында қарастырылған ақыны өз қалтасынан төлейді. Сондай-ақ Грузияда техникалық стандарттар қатаң. Мәселен, мейрамхана ашатын кез келген кәсіпкер сол орынды Америка мен Еуропаның стандарттарына сай етіп жабдықтауы міндет. Бұл – өте ұтымды тәжірибе. Әрине, біз бірден өрт сөндіру мен санитарлық инспекцияны алып тастау керек деп отырған жоқпыз. Бірақ осы саладағы тексеріс құжаттарын азайтуға болады. Біздің зерттеуімізбойынша, соңғы бірнеше жылда кәсіпкерлерге қатысты 400 мыңнан астам тексеріс болыпты. Оның үштен бірі санитарлық инспекцияның үлесінде. Демек, кәсіпкерлердің басым бөлігі сауда және қоғамдық тамақтану орындары секілді халыққа қызмет көрсету саласында жұмыс істейді. Міне, дәл осы тарапты санитарлық инспекция жиі тексереді. Содан кейінгі кезекте өрт сөндірушілер мен салық қызметі тұр.

Сондықтан да біз осындай ұзын-сонар тексерістерге нақты аудит жасау қажет деп отырмыз. Оның алдындағы тапсырмадан кейін Үкімет арнайы комиссия құрып, құрамына сол тексерістерді жасайтын мемлекеттік органдардың мүшелерін енгізді. Біздің тарапымыздан үш-ақ адам қатысты. Қалған 20-25-і – баяғы шенеуніктер. Сонда қалай? Олардың өз-өзіне аудит жасайтын болғаны ма? Ондай аудиттің қандай нәтиже беретіні де бесенеден белгілі. Сол себепті, біздің ойымызша, әлгіндей комиссияны Экономикалық даму және сауда министрлігі басқарса, ал оның құрамына үкіметтік емес ұйымдардың сарапшылары кіруі тиіс. Сонда ғана әділ аудит өткізіп, нақты нәтижеге қол жеткізуге болады. Екіншіден, бізде лицензиялау және рұқсат беру жүйесі әрбір министрліктің салалық заңдарында тағы басқа ортақ заңнамаларда бар. Елбасы осының бәрін бір заңға жинақтауды тапсырды. Осы мәселе әлі күнге орындалмай келеді. Соған орай, бүгінгі таңда «Атамекен» одағы заң жобасының тұжырымдамасын әзірлеп қойды. Негізгі міндет – барлық рұқсат беру құжаттарын бір заңға жинақтау. Ол заңда рұқсат беру құжаттарының нақты тізімі болуы шарт. Содан бөлек, рұқсат беруді қамтитын барлық заңға мораторий жариялау қажет. Міне, сонда ғана шенеуніктер рұқсат беру құжаттарының санын қолдан көбейте алмайды.

– Ал салық салу мәселесі тұрғысынан ше?

– Расында, біз Салық кодексінің 60-тан астам бабына өзгерістер мен толықтырулар енгізуді ұсынып отырмыз. Себебі бүгінде кәсіпкер 1-2 теңге қарыз болып қалса, Салық комитеті оның есепшотын бірден жауып тастайды. Осындай кішігірім нәрсе үшін 100 мың теңге айыппұл салады. Бұл дұрыс емес. Біздіңше, қарыздың көлемі үлкен болмаса, есепшотты тоқтатуға болмайды. Айыппұл салмай, тек ескерту ғана жасау қажет. Ал жалпы айтар ойым, Қазақстанда салық саласында қызмет ететін арнайы сот құрылуы қажет. Статистика көрсетіп отырғандай, осыдан бес жыл бұрын салық саласындағы дау-дамайдың саны 10 мыңдай болса, қазіргі кезде оның саны 30 мыңға дейін жетті. Осының бәрі салық инспекциясынан түскен арыз емес, оның ішінде кәсіпкерлердің тарапынан түскен шағымдар да баршылық. Ал соттағы арызшағымдардың көбеюі бизнесмендердің салық саласындағы сауаттылығының көтерілгендігін де көрсетсе керек. Өкінішке қарай, салық бойынша болып жатқан дау-дамайларды кәдімгі жай соттар қарап жатады. Салық саласы күрделі, қыр-сыры да көп. Сол себепті ондай істерді арнайы сот қарау қажет деп білеміз. Бүгінде Америкада ондай тәжірибе бар. Бұл жайында мен Жоғары сот төрағасына да айтқанмын. Төраға да ондай мәселенің бар екендігін мойындап, біздің ұсынысымызды қолдап отыр.

– Қазіргі кезде кәсіпкерлердің жұмысын жеңілдету мақсатында рұқсат қағаздардың бәрін электронды түрде беру жайында жиі айтылады...

– Иә, бүгінде Үкімет бұл мәселеге үлкен көңіл бөліп жатыр. Ол өте дұрыс. Білуімше, көлік және коммуникация министрі Асқар Жұмағалиев Грузияға барып, сол жақтың тәжірибесін жан-жақты зерттеп келді. Біз, кәсіпкерлер электронды лицензия жұмысын толығымен қолдаймыз. Себебі барлық қажетті құжаттар бір жерден алынса, кәсіпкерлер қауымының жұмысы да жеңілдейді. «Айналма» жол да кесілер еді.

– Демек, ондай жүйе әлі жоқ қой?

– Сәуірдің 1-інен бастап екі-үш лицензияны электронды нұсқаға ауыстырып беріп жатыр. Жұмыс енді ғана басталды. Әрине, электронды лицензия – оңай шаруа емес. Оған кәсіпкерлер де атсалысып жатыр. Меніңше, бұл жұмыс қазіргі қарқынмен жүре беретін болса, оны ағымдағы жылдың аяғына дейін бітіруге әбден болады.

– Ал біздің кәсіпкерлер сол электронды жүйені қолдануға дайын ба?

– Шыны керек, бұл да мәселе болып тұр. Мемлекеттік органдардың қызмет көрсету сапасын арттырумен қатар, біз кәсіпкерлерге де нақты талап қоюымыз қажет. Олардың білімі, техника мен автоматика саласындағы дайындығы, интернетті пайдалану қабілеті тағысын тағы. Әсіресе ауылдық жерлерде жұмыс істейтін кәсіпкерлер үшін ондай талаптардың маңызы зор. Олар электронды жүйеге әлі толығымен дайын емес. Дегенмен олардың ішінде де «дамып кеткен» кәсіпкерлер бар. Мәселен, Оңтүстік Қазақстан облысының Мақтаарал, Сарыағаш аудандарында тұратын кейбір кәсіпкерлер интернет арқылы Лондон биржасындағы мақтаның бағасын бақылап отырады. Сондықтан оларды алдай алмайсың.

Жалпы, бүгінгі таңда республика бойынша 1 миллионнан астам кәсіпкер бар. Олардың 90 пайызы – жеке кәсіпкерлер. Ірі бизнесмендердің саны – 2 мыңның айналасында. 10 мыңдай орта кәсіпкерлік нысандар бар, қалғаны – сауда–саттық орындары, шаруа қожалықтары және басқа да шағын бизнес ошақтары. Бізге осыларды дамыту қажет. Мәселен, ауылдық жерде өз кәсібін ашқан азаматтарда маркетолог немесе инновациямен айналысатын мамандар жоқ. Себебі олардың қызметі тым қымбат. Осыған байланысты біз әрбір ауданмен тікелей байланыс орнатып, барлық кәсіпкерді бір ұйымның аясына біріктіруді көздеп отырмыз. Ол үшін жер-жерде «Атамекен» одағының бөлімшелерін ашу қажет деп ойлаймын. Осы уақытқа дейін біз Германия, Австрия мен Түркияның тәжірибесін қарап шықтық. Түркияда барлық кәсіпкерлер бір ұйымның аясында топтастырылып отыр. Ондай заң бізде де бар.

– Кедендік одақ біздің кәсіпкерлерге не берді?

– Енді ол жайында біраз әңгімелер болды, қоғамның ішінде сан алуан пікірлер бар. Бас кезінде шекара аймағында көптеген қиыншылық орын алған еді. Себебі Ресейдің кедендік қызмет саласындағы бюрократиясы ауырлау тиді. Осының салдарынан алғашқы уақытта біздің кәсіпкерлер біраз қиыншылыққа тап болды. Қазіргі жағдай ондай емес. Дегенмен кедендік тосқауылдарды әлі де жеңілдету қажет. Оған мемлекеттік органдар бар күш-жігерін салуы тиіс. Біз де тыс қалмаймыз.

Қалай десек те, кәсіпкерлер үшін Кедендік одақтың экономикалық пайдасы зор. Өйткені мынадай сұрақ: Бизнеске не керек? Оған өзінің тауары мен қызметіне сұраныс қажет. Осы тұрғыдан алсақ, Қазақстанның аумағы кең, бірақ халық саны аз. Ал кәсіпкер үшін нарық ауқымының да кең болғаны аса тиімді. Экономика саласындағы зерттеулер көрсетіп отырғандай, өзін-өзі асырай алатын экономиканың кем дегенде 50 млн халқы болуы қажет екен. Сонда ғана экономика өздігімен жұмыс істей алады. Осы тұрғыдан алсақ, халық саны аз болып отырған Қазақстан үшін кәсіпкерлердің еркін жұмыс істеуіне әлі ертерек тәрізді. Сондықтан біздің Кедендік одаққа кіруіміз отандық кәсіпкерлерге үлкен нарықтың есігін ашып отыр. Әрине, көрші Ресейдің бизнесі де бізге келіп, өз кәсібін ашады. Бұл – біздің кәсіпкерлер үшін үлкен сын әрі жоғары талап. Бәсекенің болғаны дұрыс. Соның арқасында біздің кәсіпкерлер шыңдалады. Тауар мен қызметтің сапасы көтеріледі. Тұтынушыға да керегі сол.

– Биыл Қазақстан Дүниежүзілік сауда ұйымына кіру мәселесі бойынша барлық келіссөздерді аяқтауы жоспарлап отыр. Ал келесі жылы біздің нарығымыз әлем елдері үшін ашылады, яғни бір жылдың ішінде кәсіпкерлер Дүниежүзілік сауда ұйымының бәсекесіне дайын болуы шарт. Бұған не айтасыз?

– Жалпы, ДСҰ бағытындағы жұмыстың басталғанына он жылдай уақыт өтіпті. Мен осы он жыл ішіндегі ДСҰ мәселесінде «барлығы ашық болды, кәсіпкерлермен бірлесіп атқарылды» деп айта алмаймын. Соңғы уақытта ортақ іс-шаралар – Қазақстанның Дүниежүзілік сауда ұйымына кіру мәселесіне арналған сан алуан дөңгелек үстелдер мен конференциялар өткізу шектеліп қалды. Мұның алдында ондай жиындар жиі болған еді. Әрине осынау халықаралық ұйымға мүше болу – абырой әрі үлкен жауапкершілік. Дегенмен әрбір саланы ескеру қажет. Себебі бір жылдан кейін Қазақстанға келетін импорт үлесі бірнеше есеге көбейеді. Оның үстіне, біз кедендік салықты ұзақ ұстай алмаймыз. Оны төмендету міндеттеледі. Білуімізше, Үкімет ауыл шаруашылығы саласы үшін өтпелі кезеңді сұрап отыр. Ол – дұрыс шешім. Себебі отандық ауыл шаруашылығы өнім өндірушілеріне әлі де уақыт қажет. Дегенмен оған көп қарайламай-ақ, бәсекеге барынша дайындалған жөн. Өйткені өтпелі кезеңде мемлекет кәсіпкерлерге көмек бере алады. Ал сол өткелден өткеннен кейін еш қамқорлық жасалмайды. Бұған дейін біз Кедендік одақ аясында өзара бәсекеге түссек, енді әлем нарықтарымен күш сынасып көреміз.

Дегенмен ДСҰ мәселесінде, меніңше, көп қорқудың да қажеті жоқ, қайта бастаманың пайдалы жағы басым. Өйткені барлық тауар бізге ғана келмейді. Біздің де әлемнің көп еліне төмендетілген кедендік талаптармен кіруге мүмкіндігіміз болады. Демек, қазақ кәсіпкерлері үшін бұрынғыдан да жақсы мүмкіндіктер ашылады. Ал әзірше сұралатын жалғыз мәселеміз бар, ол – осы саладағы келіссөздер жайында бізге де көбірек ақпарат беріліп тұрса.

– Біраз уақыт бұрын ел Үкіметі «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасына енгізілген кейбір өзгерістерді мақұлдады. Оған сәйкес, енді Экономикалық даму және сауда министрлігі бизнес жобаларды іріктеу жұмысына қатыспайды. Ол тек сол жобаларды іске асыру барысын ғана бақылайтын болады. Сіздіңше, бұл шара қаншалықты тиімді? Жергілікті жерлерде сыбайлас жемқорлық көбейіп кетпей ме?

– Былтыр біз кәсіпкерлер арасында анкеталық сауалнама жүргіздік. Сонда мынадай бір мәселе анықталды. Қандай да бір бизнес жобаны бастау үшін кәсіпкерлер жергілікті жердегі комиссиядан өтеді. Банктен кейін аймақтық комиссиядан өту қажет. Одан соң министрлікке жолданады. Министрлік өзі қарап шығып, оны «Даму» қорына қарай жолдайды. Көрдіңіз бе, мұның жұмысы көп әрі уақыт жағынан алты айға дейін созылатын үдерістер бар. Кәсіпкерлер осыған наразы болды. Себебі тексерістен өткен құжаттарды министрлік қайта қарайды. Ал оның қажеттілігі шамалы еді. Осыған байланысты Экономикалық даму және сауда министрлігі бизнес жобаларды іріктеу жұмысынан бас тартты. Енді кәсіпкерлер жергілікті комиссиядан өтіп, бірден «Даму» қорына бара алады. Бұл сыбайлас жемқорлықтың жолын да кеседі. Себебі комиссиялардың құрамында біздің өкілдер, банк мүшелері, әкімшіліктің қызметкерлері және кәсіпкерлердің өздері де бар. Бүгінге дейін осы сипаттағы бірде-бір арыз түскен жоқ.

– «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасы аясында кәсіпкерлерді несиелендіру жүйесін барынша жетілдіру де көзделген. Білуімізше, несиенің кепілдігін жергілікті билік пен банктер қамтамасыз етпек. Осы туралы айтып берсеңіз?

– Иә, жаңа өзгерістерде бұл қамтылған. Жалпы, шағын бизнестің капиталы үлкен емес болатындығы белгілі ғой. Кепілдікке қоятын меншігі де аздау болып келеді. Осының салдарынан бұған дейін көптеген кәсіпкер «Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламасына қатыса алмап еді. Соңғы өзгерістер осы олқылықтың орнын толтырды. Алдағы уақытта Қазақстанда Кепілдік қоры құрылатын болады. Ол экономикалық тиімді әрі табысты жобаларға кепілдік беретін болады. Бұл да өте дұрыс шешім болды деп білеміз.

– Әңгімеңізге рақмет! Сәттілік тілейміз!

АРМАН АСҚАР,
Астана

АЛАШҚА АЙТАР ДАТЫМ...

Үкімет пен кәсіпкер арасындағы диалог тең дәрежеде жүргізілуі керек. Өкінішке қарай, кейбір шенеуніктер осыны жете түсінбейді. Әлгіндей жиындарға бара қалсақ, ведомстволық ішкі жиналыстарына қатысқандай боламыз. Мекеме басшысы төрге отырып алып, «қазаншының өз еркі қайдан құлақ шығарса» дегенге салып «жеке жиындарын» басқара кетеді. Мінеки, жекелеген шенеуніктің үкіметтік емес ұйымдарға деген көзқарасын осыдан-ақ көруге болады. Сондықтан да айтарым: біздің әріптес ретінде бетпе-бет отырып сөйлесе білуіміз қажет. Себебі Үкімет те, бизнес те бір елдің, бір халықтың мүддесі үшін еңбек етіп жатырмыз. Мақсатымыз ортақ – кәсіпкерлікті дамытып, отандық экономиканы нығайту. Сол арқылы Қазақстанның әл-ауқатын көтеру. Ендеше көзқарасты да өзгерту қажет.

ОҚШАУ ОЙ...

Кедендік одақ аясында біз бизнеске жасалатын жағдайлардың тиімділігі жағынан әрқашан алда болуымыз қажет. Себебі біз Ресей сияқты үлкен мемлекет емеспіз. Оған қоса, Қазақстанда сол елдікіндей ірі өндірістік-техникалық әрі қаржылық әлеует жоқ. Дегенмен үлкен мемлекеттің үлкен проблемасы да көп. Олар баяу басып, ұзақ қимылдаса, біз шұғыл жүріп, шапшаң әрекет жасауымыз қажет. Міне, сонда ғана біздің бизнесте де, басқасында да ұтатынымыз кәміл.

БІЛГІМ КЕЛГЕН БІР СҰРАҚ

Еңбек демалысы уақытында ауырғанда ақы төлене ме?

Егер қызметкер еңбек демалысы уақытында ауырып, ол туралы еңбекке жарамсыздық парағын алып келсе, осыған орай еңбек демалысының мерзімі ұзартылып, ақы төленуі тиіс пе?

Жанғайша ӘБДІРОВА, *Қарағанды облысы*

Еңбекті нормалау және еңбекке ақы төлеу басқармасының сарапшысының мәліметінше, ҚР Еңбек кодексінің 108-бабына сәйкес, жыл сайынғы ақылы еңбек демалысы:

– қызметкер еңбекке уақытша жарамсыз болған, жүктілікке және босануға байланысты демалыста болған;

– егер бұл үшін заңда жұмыстан босату көзделсе, қызметкер жыл сайынғы ақылы еңбек демалысы уақытында мемлекеттік міндеттер атқарған жағдайларда толық немесе оның бір бөлігі ауыстырылады.

Бұл ретте кодекстің 159-бабына сәйкес, еңбекке уақытша жарамсыздық бойынша жәрдемақы:

1) заңды күшіне енген сот үкімімен кінәлі екендігі анықталған жағдайда оның қылмыс жасау кезінде алған жарақаттарының салдарынан еңбекке уақытша жарамсыздық туындаған қызметкерге;

2) соттың ұйғарымы бойынша қызметкерді мәжбүрлеп емдеген (психикалық аурулардан басқа) уақыт үшін;

3) заңды күшіне енген сот үкімімен немесе қаулысымен қызметкердің кінәлі екені анықталған жағдайда ол қамауда болған уақыт үшін және сотмедициналық сараптама жасалған уақыт үшін;

4) қызметкердің ішімдік, есірткі және уытты заттарды пайдалануы салдарынан туындаған ауруларға немесе жарақаттарға байланысты еңбекке уақытша жарамсыздығы кезінде;

5) жыл сайынғы ақылы еңбек демалысымен сәйкес келетін уақытша еңбекке жарамсыз күндер үшін төленбейді.

Қосымша ақы төлеуі тиіс пе?

Мен Қызылорда облысы Арал ауданында дүниеге келгенмін. Қазіргі уақытта алматылық бір мекеменің қазалылық филиалында жұмыс істеймін. Осы орайда менің білгім келгені, мекеме маған экологиялық апатты аймақта тұруыма байланысты қосымша ақы төлеуі тиіс пе?

Серікбол БАЙБОЛАТОВ, *Қызылорда облысы*

Сарапшы маманның мәліметінше, «Арал өңіріндегі экологиялық қасірет салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы» Заңға сәйкес, экологиялық қасірет аймағында тұратын халыққа экологиялық жағынан қолайсыз жағдайда тұрғаны үшін:

– экологиялық апат аймағы бойынша – 1,5;
– экологиялық дағдарыс аймағы бойынша – 1,3;
– экологиялық дағдарыс жағдайына жақындаған аймақ бойынша – 1,2 коэффициентті қолдана отырып, еңбекке – ақы, стипендия төлеу белгіленеді.

Экологиялық апат аймағына Қызылорда облысының Арал және Қазалы аудандарының, Ақтөбе облысының Шалқар ауданының аумақтары кіреді; экологиялық дағдарыс аймағына Қызылорда облысы аудандарының аумақтары, Қызылорда қаласы және әкімшілік-аумақтық бағынысына кіретін елді мекендерді қоса алғанда, Байқоңыр қаласы кіреді; экологиялық дағдарыс жағдайына жақындаған аймаққа Ақтөбе облысының Байғанин, Ырғыз, Мұғалжар, Темір аудандарының Оңтүстік Қазақстан облысының Арыс қаласы, Отырар, Созақ, Шардара аудандарының және Түркістан қаласының, сондай-ақ Қарағанды облысының Ұлытау ауданының (бұрынғы Жезқазған облысының Жезді ауданының елді мекендері шекарасының шегінде) аумақтары кіреді.

Сонымен бірге мемлекеттік емес ұйымдарда Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 126-бабына сәйкес, қызметкерлердің еңбегіне ақы төлеу және еңбекке ынталандыру жүйелері ұжымдық шарттың, еңбек шартының талаптарында және (немесе) жұмыс берушінің актілерінде айқындалады.

ФУТБОЛ

«Испандық ойын өрнегімен» аутсайдерді жеңе алмады

Футболдан Қазақстан чемпионатының премьер-лигасында екінші айналым басталып, XIV турдың ойындары өтті. Көш басында – сол баяғыша Қостанайдың «Тобылы».

Нұрғазы САСАЕВ

Астықты өлкенің аяқдопшылары екпінді «Ертісті» қабылдап, тең түсті. Кереку клубы екі рет алға шығып, «Тобыл» екеуінде де таразы басын теңестірді. Бір қызығы, «Тобылдың» қақпасына гол тоғытқандар – бұрын осы Қостанай клубының намысын жыртқан футболшылар. Осылай көшбасшы «Ертістің» екпінін баса алмай, жалқы ұпаймен шектелді.

Ал «Тобылдың» өкшесін басып келе жатқан «Шахтер» түзде азуын айға білеген «Ақтөбеге» есе жіберіп алды. Енді ше? «Ақтөбе» жазғы трансферлік кезеңде құрамын біршама күшейтіп алған. Команда сапына жаңадан қосылған ойыншылары сенімді ақтап, соңғы үш матчта гол соғып, «Ақтөбенің» осы ойындардағы жеңістеріне сүбелі үлес қосып жүр. Әрі «Ақтөбе» екі жыл бойы Қарағанды клубын жеңе алмай, есесі кетіп жүр еді. Команда капитаны Самат Смақов айтқандай, бұл жеңіс ақтөбеліктер үшін өте маңызды болды. Қоржындарына ауадай қажет үш ұпайды салды, сондай-ақ «Шахтерді» жеңіп, ұзаққа созылған осы сәтсіздіктің тамырына балта шапты.

«Қайсар» да қамшыны басып, қарқынын үдетіп келеді. Бұл жолы кежегесі кейін тартқан «Жетісу» клубын жүрелетіп, көш соңындағы «қауіпті аймақтан» сытылып шықты.

«Тараз» бен «Ақжайық» биылғы маусымда көшбасшылар арасында тектен-тек төбе көрсетіп жүрмегендерін дәлелдеп, екеуі де сырт алаңнан үш ұпай олжалап қайтты. «Тараз» түзде «Сұңқарды» сан соқтырып, тақырға отырғызып кетті. Бұлай дейтін себебіміз, 90 минут бойы алаң иелері қонақтарын қыспаққа алып, бірнеше рет (бес мәрте деуге болар) тамаша мүмкіндіктерді мүлт жіберіп алды. Ал Таразды ң сенегалдық қара маржаны Диакате кездесудің негізгі уақытына қосылған қосымша минуттарда өз командасына жеңіс әперді.

Ал «Ақжайық» тағы да «Атыраудан» айласын асырып кетті. Екінші турда осы екі клуб Оралда кездесіп, сықырлаған аязда «Ақжайық» басым түскен болатын. «Атырау» бұл жолы қанша тырысса да, ауылы аралас, қойы қоралас көршілерінен есе қайтара алмай, тағы да жеңілістің кермек дәмін татты.

«Астана» да Қызылорданың «Қайсары» сияқты бас бапкерін ауыстырған соң нәтижелі ойын өрнегін көрсете бастады. Елорда клубының тізгінін Қазақстан ұлттық құрамасының бас бапкері Мирослав Беранек қолына алғалы, «Астана» әлі ұтылған жоқ. Ал премьер-лигада бас бапкер ауыстырған тек «Астана» мен «Қайсар» емес. Бірақ олардың бәрі аталған екі клубтай тығырықтан шыға алар емес. «Астана» бұл жолы одыр мінез «Ордабасыны» ома қаптырды. Бұл ойында да жалқы гол матчтың соңғы минутында соғылды. Айтпақшы, бұл екі команда биыл алғаш рет кездесті. Өйткені бірінші турдағы осы екі ұжым арасындағы кездесу Шымкенттегі көктемгі ауа райының қолайсыздығынан өтпей қалған.

«Қайрат» Көкшеде аутсайдермен итжығыс түсіп, жалқы ұпайды қанағат тұтты. «Алматы клубына келген жаңа бапкер «Қайраттың ойын өрнегін испандық үлгіде өрбітуде» деушілер көп болып еді. Түсінбедік, бұл қалай? «Испандық ойын өрнегінің» Қазақстан премьер-лигасының аутсайдерін жеңуге қауқары жетпегені ме?!

ЕЛ БІРІНШІЛІГІНІҢ КЕСТЕСІ:

1. «Тобыл» (Қостанай)	14	8	3	3	24-15	27
2. «Шахтер» (Қарағанды)	14	8	1	5	23-11	25
3. «Ақжайық» (Орал)	14	8	1	5	22-17	25
4. «Тараз» (Тараз)	14	8	1	5	14-14	25
5. «Ақтөбе» (Ақтөбе)	14	7	2	5	17-10	23
6. «Ертіс» (Павлодар)	14	6	5	3	25-15	23
7. «Ордабасы» (Шымкент)	13	6	4	3	16-10	22
8. «Астана» (Астана)	13	6	3	4	14-14	21
9. «Атырау» (Атырау)	14	5	3	6	12-14	18
10. «Қайсар» (Қызылорда)	14	5	2	7	11-16	17
11. «Қайрат» (Алматы)	14	4	5	5	13-18	17
12. «Сұңқар» (Қаскелең)	14	2	6	6	5-13	12
13. «Жетісу» (Талдықорған)	14	3	1	10	15-27	10
14. «Оқжетпес» (Көкшетау)	14	2	1	11	11-28	7

XIV тур

«Тобол» – «Ертіс» – 2:2
Голдар: Жұмасқалиев, 14. Богданов, 75 – Юрин, 10. Бакаев, 70-пенальтиден.
«Ақтөбе» – «Шахтер» – 1:0
Гол: Гейнрих, 6.
«Қайсар» – «Жетісу» – 1:0
Гол: Фахтали, 3.
«Сұңқар» – «Тараз» – 0:1
Гол: Диакате, 90.
«Атырау» – «Ақжайық» – 0:1
Гол: Зенькович, 55.
«Астана» – «Ордабасы» – 1:0
Гол: Гридин, 90.
«Оқжетпес» – «Қайрат» – 0:0

БІЗДІҢ ОЛИМПИАДАШЫЛАР

Оптимист Ольга

Басы 1-бетте

Рыпакова Ольга СЕРГЕЙҚЫЗЫ
Туған жылы: 30 қараша, 1984 жыл
Туған жері: Өскемен қаласы
Салмағы: 53 келі
Бойы: 179 сантиметр
Үш қарғып секірудегі ең үздік көрсеткіші: 15, 25 метр
Ең ірі жетістіктері: 2010 жылғы әлем чемпионы, 2011 және 2012 жылғы әлем чемпионаттарының күміс жүлдегері.
Ольганың үздік көрсеткіштері:
Бейжің Олимпиадасы – 15,11 м (4-орын)
Доха, жабық ғимараттағы әлем чемпионаты – 15,14 м (1-орын)
Тэгу, жеңіл атлетикадан әлем чемпионаты – 14,89 м (2-орын)
Стамбул, жабық ғимараттағы әлем чемпионаты – 14,63 м (2-орын)

Осыдан төрт жыл бұрын Бейжің Олимпиадасында Ольга тым алысқа секірді. Үш қарғып секіруден Азия рекордын бірнеше рет жаңартып қана қоймай, жүлдеге сынық сүйем жетпей, төртінші орынды қанағат тұтқан. Қытайдың «Құс ұясы» стадионында Оля 15 метр 11 сантиметрді бағындырған. Бейжің Олимпиадасында бес спортшының 15 метрден артық секіргені жеңіл атлетиканың осы түріндегі бәсекелестіктің тым қызу екендігін білдіреді. 2004 жылы Афины Олимпиадасындағы Дмитрий Карповтың қола жүлдесінен кейін «жеңілатлеттер Бейжіңнен де медаль алады» деп үміттенген жанкүйер қауым Рыпакованың төртінші орнын да чемпиондықтан кем көрген жоқ. «Қазақстанның жеңіл атлетикасында жаңа жұлдыз пайда болды» деп жазды бұқаралық ақпарат құралдары. Өзіне артылған сенімге Ольга да селкеу түсірген жоқ. Бейжің Олимпиадасынан кейін Қазақстан жеңіл атлетикасына жалғыз өзі ұпай жинап, өзі қатысқан сайыстың бәрінен де жүлдемен оралды. Әзірге Олядан басқа жеңілатлеттеріміз жақсы нәтиже тіркеп, сүйінші сұрайтын күнге жетер емес.

Ольга алғашында көпсайыспен шұғылданды. Көпсайыстан жастар арасындағы әлем біріншілігінің күміс жүлдесін иелене тұрып, үш қарғып секіруге ауысып кеткенде, Рыпакованың болашағына үмітпен қарағандар көп емес еді. Бірақ еңбектің жеңбейтін тұсы бар ма?! Жеңіл атлетика залдарының жоқтығына, менеджердің мүлде аздығына қарамай, шығыстың шымыр қызы көрсеткішін арттыра түсті. «Гаухар лигадағы» маңызы зор жеңістері мен әлем чемпионатындағы бағалы жүлделері сары шашты қызға таңсәріден кешқұрымға дейін созылған жаттығудың арқасында келген...

Енді өзінің санынан жаңыла бастаған көп медальдарына Олимпиада жүлдесін де қосуды армандайтын Ольгаға барша қазақ халқы тілеулес болып отыр...

«Әрбір спортшының арманы – Олимпиададан жүлде алу. Мен де соны армандаймын. Бірақ алдын ала тон пішкім келмейді. Бәрін де уақыт көрсетеді. Ең бастысы, менің тәжірибем толысты, қарсыластарым да менімен санасады», – деп қысқа қайырған Оляның Олимпиададағы мүмкіндігі шын мәнінде зор.

ОЛИМПИАДАДАҒЫ МҮМКІНДІГІ:

Ольга Рыпакова –тұрақтылығымен көзге түсіп жүрген атлет. Былтыр тұсауы кесілген «Гаухар лига» сайысының 14 кезеңі аяқталған соң, үш қарғып секіруден жалпы есепте екінші орынға ие болды. 2012 жылы қайтадан жалғасын тапқан «Гаухар лига» кезеңдерінде де жүлдесіз қалған жоқ. Мәселен, бүгінге дейін биылғы «Гаухар лига» додасының алты кезеңі артта қалды. Соның үшеуіне үш қарғып секіру сайыстары өткізілді. Ольга солардың екеуінде бірінші орынды иемденді. Атап айтар болсақ, Дохада өткен алғашқы кезеңде 14,33 метрге секірді. Бұл бас жүлде үшін молынан жетті. «Гаухар лиганың» Римде өткен кезеңінде Рыпакова 14,73 метрді бағындырды. Бірақ мейлінше алысқа секіргенімен, украиналық Ольга Саладухадан асып түсе алмады. Нью-Йоркта өткен кезеңде 14,71 сантиметрге секірді. Дәл қазір «Гаухар лиганың» жалпы есебінде көш бастап келеді. Жеңіске жетудің басты сырларының бірі тұрақтылық екені анық. Ольганың тұғырдан түспей, жүлдегерлер қатарынан жиі көрінуі бізді Олимпиада медаліне үміттендіре түседі.

АРТЫҚШЫЛЫҒЫ МЕН КЕМШІЛІГІ:

Жеңіл атлетикадан Қазақстан құрамасының бас бапкері Вячеслав Сокирко Оляның кемшілігі аз екенін айтады. Керісінше, күн санап, нәтижесін жақсартып келеді, өзіне деген сенімі де нығая түскен.

Олимпиададағы басты қарсыластары: Бір қызығы, Оляның қарсыластары сәт сайын алмасып тұрады. Мәселен, «Гаухар лигасының» бір кезеңінде украиналық Ольга Саладуха жеңіс тұғырына көтерілді, әлем чемпионатында Ұлыбританияның қара маржаны Ямиле Алдама алдына жан салған жоқ. Колумбиялық Катерина Ибаргуэн, кубалық Яргилес Савинье мен Мабель Гэй, ресейлік Анна Пятых, ямайкалық Кимберли Уильямс – бұлар да Рыпаковамен Олимпиада жүлдесіне таласып, бәсеке көрігін қыздырулары керек.

Вячеслав СОКИРКО,
жеңіл атлетикадан ұлттық құраманың бас бапкері:

– Дәл қазіргі сәтте Ольга Рыпакова Шығыс Қазақстанда жаттығуда. Бірер күннен кейін Алматыдағы «Азия жұлдыздары» турниріне қатысады. Шілденің 10-ында Чехияға ұшып кетеміз. Сол жақта дайындықтың соңғы кезеңін өткеріп, әрі қарай Тұманды Альбионды бетке аламыз. Ольгадан жүлде күтетінімізді жасырмаймын. Меніңше, алтын үшін тартысты бәсеке Ольга Рыпакова, Ольга Саладуха және Куба қыздары арасында өрбуі тиіс.

Ақбота ШӨКЕНБАЙ

Дзюдошыларымыз – үздік үштікте

ДЗЮДО

Чехия астанасы Прагада өткен Еуропа кубогына қатысқан қазақ дзюдошылары Лондон Олимпиадасының алдындағы дайындықтарын тағы бір рет пысықтады. Нәтижесі – бір алтын, бір күміс, екі қола.

Әзиз ЖҰМАДІЛ

Нұрғиса ЕЛЕУБЕКОВ (фото)

ЕУРОПА КУБОГЫНА ҚАТЫСҚАН ҚАЗАҚСТАН ДЗЮДОШЫЛАРЫНЫҢ КӨРСЕТКІШТЕРІ

ЕРЛЕР
66 келі: Бақдәулет Сәбитов – қола, Асхат Тельманов – 5-орын, Еркебұлан Қоссаев – 9-орын.
73 келі: Елдар Зәріпханов, Сергей Лим – топтық кезең.
90 келі: Александр Кассачев – 7-орын. Ислам Бозбаев – топтық кезең.
100 келі: Виктор Демьяненко – күміс, Максим Раков пен Тимур Болат – 5-орын.
100+ келі: Ержан Шынкеев – топтық кезең.
ҚЫЗДАР
52 келі: Александра Подрядова – қола.
78+ келі: Гүлжан Иссанова – алтын.

БЕЙРЕСМИ ЖАЛПЫКОМАНДАЛЫҚ ЕСЕП

Орын	Команда	Алтын	Күміс	Қола
1	Германия	3	4	5
2	Венгрия	2	0	2
3	Қазақстан	1	1	2
4	Польша	1	1	1
5	Чехия	1	1	0
6	АҚШ	1	1	0
7	Армения	1	1	0
8	Ұлыбритания	1	0	5
9	Ресей	2	0	2
10	Австрия	1		2

Жалпы, Еуропаның ашық кубогына әлемнің 37 елінен 370 дзюдошы қатысты. Оның 254-і ерлер болса, 116-сы – нәзік жандылар. Олимпиада ойындарына дайындықтың бір кезеңі болғандықтан, ұлттық құрамамыздың бапкерлер кеңесі кейбір спортшыларымызға салмақ қумауға рұқсат беріпті. Мәселен, 60 келіде Олимпиада жолдамасына ие болған Еркебұлан Қоссаев 66 келіде өнер көрсетсе, 66 келідегі Сергей Лим – 73 келіде, 81 келідегі Ислам Бозбаев – 90 келіде, 90 келідегі Тимур Болат – 100 келіде және 48 келідегі Александра Подрядова 52 келіде белдесті. Ал барлығы қазақ елінен Прагаға 14 дзюдошымыз аттанған болатын. Олимпиада ойындарына қатысатын жерлестерімізден тек Ринат Ибрагимов қана бұл турнирден босатылыпты.

Алдымен тұғырдың төрінен орын алған саңлақтарымыздан бастайық. Қыздар арасынан аса ауыр салмақтағы дзюдошымыз Гүлжан Иссанова қарсылас шақ келтірген жоқ. Ширек финалда голландиялық Гердиен Куперспен күресті. Екі дзюдошы да өз айлаларын қолданып, еншілеріне бір-бір ұпайдан жазған. Алайда екінші минутта қарсыласының осал тұсын тапқан Гүлжан голландиялықты иппонға түсірді. Жартылай финалда алжирлік Соня Асселамен кездесті. Алғашқысына қарағанда қарымды қарсылас. Олимпиада ойындарына жолдама ала алмай қалды демесеңіз, Ассела әлемдік рейтингіде 26-орынға орналасқан. Бірақ жерлесімізді жеңісті жолынан тайдыруға оның да шамасы жетпеді. Ал финалда Голландияның тағы бір өкілі Тесси Савелскоулспен белдесті. Екі рет вазари әдісімен лақтырған Иссанова елге Еуропа кубогының бас жүлдесімен оралды.

Сондай-ақ 100 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде де қанжығамыз қанданды. Бірақ әдеттегідей Максим Раков емес, Виктор Демьяненко ерледі. Жалпы, 36 дзюдошы өнер көрсеткен бұл салмақ дәрежесінде үш спортшымыз белдесті. Раков пен Демьяненкодан бөлек, Тимур Болат та осы салмақта бағын сынауды жөн көрген екен. Бұл қадамы сәтті болды. «D» тобына түскен Тимур өз тобында қарсылас шақ келтірмей, жартылай финалға оңай шықты. Сол сияқты «B» тобына түскен Раков пен «C» тобына түскен Демьяненко да топтық кезеңнен мүдірмей өтті. Жартылай финалда Виктор мен Тимур өзара белдесіп, ақтық айқасқа алғашқысы жолдама алса, Максим татами қожайыны Лукаш Крпалектен жеңіліп қалды. Айта кетейік, Лукаш оңай шағылар жаңғақтардың қатарынан емес. Олимпиадалық рейтингіде 10-орында. Лондон додасында жерлесіміздің басты қарсыластарының бірі болар саңлақ. Мұның алдында Олимпиада ойындарының тағы бір үміткері неміс Дмитрий Петерсті де сүріндірген. Дегенмен жерлесіміздің жеңілісінен трагедия жасаудан да аулақпыз. Өйткені бұл турнир қазақ дзюдошылары үшін бірінші ретте Олимпиада алдындағы пысықтау додасы ретінде өткені мәлім. Алайда үшінші орын үшін өткен талас та Тимур Болат та, Максим Раков та қарсыластарынан жеңіліп қалып, 5-орынды қанағат қылуға мәжбүр болды.

Қазақстан қоржынына түскен үшінші жүлденің иесі – Бақдәулет Сәбитов. Жалпы, әлемдік рейтингіде 200-орынның ар жақ, бер жағында «шайқалып» жүрген Бақдәулет үшін бұл жүлденің маңызы зор болғаны айтпаса да түсінікті. Топтық кезеңнен жерлесіміз мүдірмей өтті. Жартылай финалда азулы армян Армен Назарянға тап болды. Арменді білесіздер, Әлем кубогының кезеңдерінде топ жарып жүрген спортшы, Лондон додасында да үздіктер қатарынан көрінуге үмітті. Бірақ топтық кезеңдегі жеңістерінен кейін өзіне деген сенімділігі артқан Сәбитов оны да 2:0 есебімен жеңіп жатқан болатын. Алайда байқаусызда иппонға түсіп қалып, бүкіл еңбегі еш кетті. Қайта мойыған жоқ, үшінші орын үшін өткен айқаста командаласы Асхат Тельмановтан басым түсіп, қола жүлдеге қол жеткізді. Ал тағы бір қола 52 келіде өнер көрсеткен аруымыз Александра Подрядоваға бұйырды.

БИЧ-ВОЛЕЙ

Жағажайдағы қыздарымыздың тағы бір мүмкіндігі бар

Қытайдың Фучжоу қаласында жағажай волейболынан Олимпиада ойындарының іріктеу турнирі ретінде өткен құрлықтық кубокта Қазақстан волейболшылары Лондон додасының жолдамасына қол жеткізе алмады. Сонымен, жігіттер биылғы Олимпиададан құр қалса, қыздарымыздың бір мүмкіндігі қалды.

Ерлер құрамасы ширек финалда сүрінді. 1/8-финалда Жаңа Зеландия құрамасын 3:1 есебімен жеңген жігіттеріміз ширек финалда Австралия құрамасынан жеңіліп қалды. Есеп – 0:3. Александр Дьяченко, Александр Сидоренко, Алексей Кулешов, Дмитрий Яковлевтен құралған Қазақстан ұлттық құрамасының шамасы «Жасыл құрлық» өкілдеріне жетпеді. Алғашқы ойында 0:2 есебімен жеңілсек, екіншісінде аз да болса қарсылық танытып, 1:2 есебімен тізе бүктік. Ал үшінші кездесуде таблода тағы да 0:2 есебі тіркелді. Сөйтіп, құрлықтық кубокта тек бір ғана команда Олимпиада жолдамасына ие болатындықтан, жігіттеріміз «Тұманды Альбионға» бара алмайтын болды.

Қыздарымыз сәл саттірек өнер көрсетті. Дегенмен олар үшін де бұл турнир оңай болған жоқ. Алдымен 1/8-финалда Индонезияны тек қосымша таймда ғана тізе бүктірді. Ширек финалда Вьетнаммен кездесіп, бірінші ойында жеңіліп қалды. Одан кейін еңселерін тіктеп, әйтеуір, әупірімдеп таразы басын өз жақтарына қарай аудара алды. Есеп – 3:1. Жартылай финалда турнир қожайыны Қытай құрамасымен кездесті. Бірақ Ирина Цымбалова, Бақытгүл Самалықова, Любовь Богату, Татьяна Машкова сынды аруларымыздан құралған командамыздың қытай қыздарына шамасы жетпей, 0:3 есебімен жол бердік. Ал үшінші орын үшін өткен таласта Таиланд құрамасынан басым түстік. Дұрысы, бірінші ойыннан кейін қазақстандықтарға шамасы жетпейтінін түсінген тай арулары жеңісті қолдан бере салып, кездесуді жалғастырудан бас тартты. Шыны керек, бұл істеріне тайлықтар талай өкінетін шығар. Өйткені финалдық ойынның алдында ғана құрлықтық кубоктың жүлдегерлеріне Олимпиада жолдамасына ие болуға тағы бір мүмкіндіктің берілгені белгілі болды. Енді қыздарымыз Мәскеуде өтетін соңғы іріктеу турнириңе қатысады. Мұнда барлық конфедерациялардың ұйымдастыруымен өткен құрлықтық кубоктардың күміс және қола жүлдегерлері Олимпиада ойындарына берілетін қосымша жолдаманы сарапқа салатын болады.

Арсен ЖАНАДІЛ

БІЛГІМ КЕЛГЕН БІР СҰРАҚ

Азия чемпионатында бақ сынайтын болдық

Өткен аптада сіздер «баскетболдан Қазақстан жастар құрамасы Ташкентте додаға түсіп жатыр» деп жазып едіңіздер. Сол жас жігіттеріміз Орталық Азияда топ жарған сияқты. Қарсыластарын қандай есеппен жеңгендерін білуге бола ма?

Бақытжан Ж., *Алматы қаласы*

Баскетболдан 18 жасқа дейінгі Қазақстан жастар құрамасы Ташкентте өткен електік сында қарсыластарының бәрін жеңіп, Азия чемпионаты жолдамасына қол жеткізді.

Әуелі Өзбекстан өрендерімен өткен тартысты матчта 63:60 есебімен жеңіске жетіп, басты бәсекелестерін сүріндірді. Содан соң 74:60 есебімен Қырғызстан қырандарына үстемдік танытты. Бұдан кейін Түрікменстан бозбалаларын 84:68 есебімен ойсырата ұтып, іріктеу турнирінде бірінші орынға ие болды.

Екінші орынды Өзбекстан жастары иеленіп, түрікмен баскетболшылары үшінші орынға ие болды.

Бұл турнирде Қазақстан жастарын Максим Рахимов пен Данил Серединский жаттықтырды. Команда сапындағы ойыншылар ішінде Алым Мақсұтов, Максим Марчук және Алексей Курочка секілді таланттарымыз ерекше көзге түсті.

Енді Қазақстан жастары 17-26 тамыз күндері Моңғолия астанасы Улан-Баторда жалауы желбірейтін Азия чемпионатына қатысады.

Асанбаев Қарағанды клубына басшы болды

Футболдан Қарағанды «Шахтерінің» жанкүйерімін. Жақында сүйікті клубымның спорттық директоры басқа жұмысқа ауысып еді. Оның орнына «Ұлықбек Асанбаев тағайындалды» деп естідім. Сол шын ба екен? Асанбаев футболшы емес па еді?

Сұлтан Қ., *Алматы қаласы*

«Шахтер» (Қарағанды) футбол клубының бұрынғы спорттық директоры, яғни Владимир Нидергаус Қазақстан футбол федерациясына ауысып, Құрама командалар департаментінің директоры болып тағайындалған. Содан бері бірер күн өтіп те кетіп еді. Жақында Қарағандыдағы В.Нидергаустың орнына Ұлықбек Асанбаевтың тағайындалғандығы белгілі болды. Бұл жөнінде «Шахтер» клубының ресми сайты мәлімдеді.

Дұрыс айтасыз, Ұлықбек Асанбаев – футболшы. Бірақ өткен маусымның аяғында бутсысын шегеге іліп, ойыншы ретіндегі карьерасын тәмамдаған.

«Шахтер» клубының ресми сайты «бұл қызметке Қазақстан ұлттық құрамасының бұрынғы ойыншысы бекітілді» деп ақпарат таратты.

Негізі, Ұлықбек Асанбаев – Шымкент футболының түлегі. 17 жасында «СКИФ-Ордабасы» клубының жейдесімен Қазақстан чемпионатындағы алғашқы ойындарын өткізген. Бес жыл Өзбекстанда доп теуіп, тәжірибе жинап, Қазақстанға қайта оралған. 2004 жылы «Қайрат» клубының сапында ел чемпионы болды. Одан кейін «Ақтөбе» клубының сапында еліміздің үш дүркін чемпионы атанды (2007, 2008 және 2009 жылдары). Екі рет ел кубогының иегері болды (2003 жылы «Қайратпен», 2008 жылы «Ақтөбемен»).

2010-2011 жылдары «Ордабасы» клубының сапында өнер көрсетіп, былтыр «Ертістің» құрамында ойнады.

Жас маман 1979 жылы 13 қыркүйекте туылған.

ФЕСТИВАЛЬ

«Опералия–2012» халықаралық фестивалі өтеді

Жыл сайын Астана күні қарсаңында «Опералия» халықаралық фестивалі өткізіледі. Биылғы жылы аталмыш фестиваль жетінші рет ұйымдастырылып отыр. Бір апта бойы алматылықтар мен астаналықтар әлемнің түкпір-түкпірінен келген танымал өнерпаздардың талантына тәнті бола алады.

Мәдениет және ақпарат министрлігі баспасөз қызметінің хабарлауынша, 1-7 шілде аралығында «Опералия-2012» VII халықаралық фестивалі Астана мен Алматы қалаларында өтеді. Аталмыш фестивальда әлемнің үздік театрларының әйгілі опера әншілері мен жетекші балет солистерінің өнерімен танысуға болады. Мамандардың сөзіне сенсек, биылғы жылы фестиваль ең жоғарғы деңгейдегі әртістерді жинайды. Бағдарлама бойынша, 1 шілде күні сағат 19.00-де Астананың «Қазақстан» орталық концерт залында «Әлемдік балет жұлдыздары» атты гала-концерт өтеді. Концертке белгілі бишілер Роберта Маркез, Арионель Варгас (Англия), Дерек Данн, Мария Ковроски, Аск ля Кур Расмуссен (АҚШ), Ма Сяньдон, Чжан Синьлю (Қытай ұлттық балеті), Хуан Кая, Шига Якуе (Жапония), сондай-ақ К.Байсейітова атындағы Ұлттық опера және балет театрының солистері Мәдина Басбаева, Рүстем Сейтбеков, Әйгерім Бекетаева, Тәиір Гатауов, Гаухар Усина, Жандос Әубәкіров және Абай атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық опера және балет театрының балет солистері Сәуле Рахмедова мен Азамат Асқаровтар қатысады. Сонымен қатар шілденің 3-і күні сағат 19.00-де «Қазақстан» орталық концерт залында опера өнерінің шеберлері қатысатын «Әлемдік опера жұлдыздары» атты гала-концерт өтеді деп жоспарлануда. Концерттік бағдарлама бойынша, Еуропа театрларының жетекші солистері Джузеппе Варано және Сильвия Далла Бенетта (Италия) қатысады. Аталған гала-концертті алматылықтар 7 шілде күні сағат 19.00-де Абай атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық опера және балет театрында тамашалай алады. Халықаралық фестиваль 2005 жылдан бастап ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігімен жыл сайын Астана күні қарсаңында өткізіліп тұрады.

Сандуғаш ӘЛІМЖАНОВА

ОҚЫРМАН ЛЕБІЗІ

Тәуелсіздіктің белгісі – елдің барлық салада өзіндік белгісі бар болуы. Сіздерге ерекше бұқаралық ақпарат болуларыңызды тілеймін. Аса құрметпен

Нұржан Тасболатұлы ТОЙШЫ,
«Алдаспан» этно-рок тобының жетекшісі, продюсер

СІЗ ЕСТІДІҢІЗ БЕ?

Әлемдегі ең нашар көліктің бағасы – 3000 доллар

Әлемдегі ең сүйкімсіз, нашар көліктің бағасы – 3000 доллар. Капоты мен кабинасының өзі жарты ғасыр бұрын шығарылған. Көргендер есік тұтқаларының жұмыс істейтінін көріп таңғалуда. Бірақ қожайыны бағаны түсірмек түгіл, саудаласпайды да.

Tengrinews.kz-тің хабарлауынша, АҚШ-та әлемдегі ең нашар көлік сатылымға түсті. Сүйкімсіз темір тұлпар – Pontiac Grand Am 1990 жылы шарыққа шыққан. Автомобильдің қақпағы мен кабинасы 1962 жылы шығарылған жүк көлігіне тиесілі. Екі ескі көліктерге ортақ бір ғана нәрсе – қызыл түс. Ал ерекшелігі – қауіпсіздік жастықшасы мен есік тұтқалары бар. Тіптен «көліктің бұл бөлшектері өте жақсы жұмыс істеп тұр» деп хабарлайды шетелдік БАҚ. Сондай-ақ бұл сияқты ерекшеліктері мен артықшылықтары көп көліктің жүру жылдамдығы белгісіз. Екі темір тұлпардан құралған, әлемдегі ең нашар көлік атанған темір-терсектің қожайыны сатылым жөнінде хабар таратып отыр. Бағасы – 3000 АҚШ доллары. Ол қойылған соманың өзгермейтінін және саудаласпайтынын бірден айтқан.

Құдай бейнеленген тұмар табылды

Мысырдан құдай бейнеленген тұмар табылды. Ежелгі мысырлықтар мұндай әшекейлерді жыннан сақтану үшін таққан екен.

Британдық зерттеушілер Мысырдан құдайдың келбеті бейнеленген тұмарды тапты. «Фаянсты еске түсіретін материалдан жасалған фигураны біздің заманымызға дейінгі I мыңжылдықта ғалымдар жасап шығарған» деп хабарлайды zhelezyaka.com интернет порталы. Тұмарда ергежейлі бес Құдай тілін шығарып, көзін адырайтып, қауырсындардан жасалған тәжімен суреттелген. Жоғарғы бөлігінде саңылауы бар. «Соған қарағанда фигура қоңырау іспеттес іліп қойылғанға ұқсайды» дейді зерттеуші мамандар. Ал екінші саңылауға қоңыраудың тілшігі бекіген. Көне Мысырда бес Құдайдың келбеті жындардан сақтану үшін тұмар ретінде қолданылған. Әсіресе жүкті әйелдер мойындарынан тастамаған екен.

СКАНВОРД

Құрастырған Айтқазы МАЙЛЫБАЙ

Бірнеше бөлімді муз. шығарма / Қысқа эпиграф		Құдық қазғанда шығатын топырақ		Мадақ жыр	Қайрақ түрі		Халық әні	
					Үлкен			
Шошақ төбелі күрке		Аттила					Қанағат	
					Жұбайлар анасы / Сұлу			
Халықаралық ақша өлшемі		Қорек, азық		Нарға арналған ер / Бір топ қой				
						Тибеттегі дінбасы		Арқар төлі
Шама-шарық, күш	Алпамыстың құлы		Тері төсеніш / Су көлігі					
					Маньчжур Корей тау. жанартауы / Норвегия			
Кіші үй		Хим. элемент, металл					Шіркеу қызметкері	
				Суық қару				
...Ахматова		Таға				Жебе		
				Шұңқырға жиналған борпылдақ қар				

Газетіміздің №109 (791) санында жарияланған сканвордтың жауабы
КӨЛДЕНЕҢІНЕН: Ғұрып. Үме. Ромб. Алтап. Іле. Скат. Ақбала. Апекс. Дутар. Дан. Шикі. Ожау. Елек. Рус. Не. Апта. Есер.
ТІГІНЕН: Пұшпақ. Уәжіп. Бит. Ғырата. Ашура. Поп. Лари. Сап. Кесе. Кубік. Еділ. Лайка. Ене. Мезет. Снукер.

Алматтың әзілдері

Диагноз:
Махаббат – жұқпалы дерт.
Жұғу жолдары: вирустары көз арқылы кіріп, жүрек пен миға әсер етеді.
Белгілері: күндіз күлкі, түнде ұйқы болмайды, тамаққа тәбет жоғалып, адам күйгелектене береді.
Күтімі: ұнатқан жанмен жиі кездесіп тұру.
Бірден-бір емі: үйлену.

***

Әріптестер әңгімесінен:
– Қой, жұмыстан қолым қалт еткенде кітап жазуға кіріспесем...
– Аяқастынан жазушы болып кетейін деп тұрсың ба?
– Өйтпесем, қазір оқитын қызықты кітап жоқ...

***

Екі жігіт жолығысып қалады:
– Менің қызымдікі – 90–60–90.
– Бұл не, үй телефоны ма?

***

Сабақ үстінде мұғалім оқушыларға «Миллион доллар тауып алсам, не істер едім?» деген сұрақ төңірегінде шағын шығарма жаздыруда.
Сабақ ортасында бір оқушы ұстазына:
– Апай, менің ойымдағыны іске асыруға бұл ақша жетпейді екен...

«Алаш айнасы» газетіне жазылу индексі: 64259
Редакцияның мекенжайы: Алматы қаласы, Бегалин көшесі, 148/1 А
Телефон: 8(727)388–80–60,
Факс: 8(727)388–80–61
e-mail: info@alashainasy.kz



БҮГІН

Маусым 2012: Жм 1, Сн 2, Жк 3, Дс 4, Сс 5, Ср 6, Бс 7, Жм 8, Сн 9, Жк 10, Дс 11, Сс 12, Ср 13, Бс 14, Жм 15, Сн 16, Жк 17, Дс 18, Сс 19, Ср 20, Бс 21, Жм 22, Сн 23, Жк 24, Дс 25, Сс **26**, Ср 27, Бс 28, Жм 29, Сн 30

Маусымның 26-сы

Алаштың атаулы күні

16 жыл бұрын (1996) Тегеранда Иран радиосының Қазақ редакциясы ресми түрде жұмыс істей бастады.
Халықаралық есірткілік заттарды шектен тыс пайдаланумен және олардың заңсыз айналымымен күрес күні.
Халықаралық азаптау құрбандарына қолдау көрсету күні.

Туған күн иелері

Зұлхайыр Мансұров (1946) – химия ғылымының докторы, профессор;
Болат Ашықбаев (1948) – генерал-майор;
Аманқұл Серікбаев (1950) – экономика ғылымының докторы, академик;
Нұржан Әшімбетов (1969) – Павлодар облысы әкімінің орынбасары;
Марат Жүндібаев (1974) – Қостанай қаласы әкімінің орынбасары;
Нұрдәулет Сүйіндіков (1980) – ҚР Бас прокуратурасының ресми өкілі;
Вячеслав Федоров (1983) – «Толғау» ЖШС тарату бөлімінің менеджері.

Белгілі есімнің белгісіз сыры

ЗҰЛХАЙЫР – таза араби есім. «Зул» (өмір, ғұмыр), «хаир» (қайырымды, мейірімді, кішіпейіл, ақжүректі) деген сөздерінің бірігуінен құралған ныспы. Қазақ бұл есімді ұрпағы мейірімді, қайырымды болсын деген ниетпен қояды. Ел ішінде сирек кездесетін есімнің бірі.

Мерейлі күндеріңіз мерекеге ұласып, мәртебелеріңіз арта берсін! «Алаш айнасы»

Шығуы 05,14 — Ұзақтығы 15,22 — Батуы 20,36

ТОҚТЫ
Бүгін іскерлік салаға да, жеке өміріңізге де қатысты қиындықтармен қақтығысып қаласыз. Алайда сізге жұлдыздар мақсатыңызға қарай жайлап жылжи беруге кеңес береді. Өзіңізге сенімді болсаңыз, бәрін жеңесіз.

ТАРАЗЫ
Сіз бұл күнді айтарлықтай жаңалықсыз, тыныш өткізесіз. Әрине, егер өзіңіз болашаққа жоспар құрып, әлек болмасаңыз, барлығы да жақсы болады. Алдын ала тәжірибеден өткізудің қажеті шамалы, бәрі өз уақытымен келеді.

ТОРПАҚ
Өзіңізді де, жақындарыңызды да босқа мазасызданудан құтқаратын дұрыс шешімдер қабылдайсыз. Жинақылық пен ақылдылықтың арқасында басқаларға пайымды кеңес, парасатты ескерту айтып, риза етесіз.

САРЫШАЯН
Бұл күні сіз үшін бәрі де үйлесімді. Тыныш жерде іскерлік немесе жеке түрғыдағы әңгіме-дүкен құруға тиімді күн. Көп адам жиналатын жиналысқа мүмкіндігінше қатыспаған жөн. Қаржылық жағдайыңыз қазірше өте жақсы.

ЕГІЗДЕР
Бүгін бір минутыңызды да босқа өткізбеген жөн. Өйткені өте жемісті күн. Қандай іс бастасаңыз да, айтарлықтай табысқа жете аласыз. Тәжірибеден аса қорықпаған абзал. Таныстық орнатуға қолайлы күн.

МЕРГЕН
Сізді айтарлықтай қолайлы күн күтеді. Қарым-қатынастарыңыз осы күнге дейін жайсыз болып келген адамдармен кездесіп, оларға жағымды әсер қалдырасыз. Жеке қатынастарыңыз толықтай үйлесімді күйде.

ШАЯН
Шектен тыс белсенділікпен жұмысқа құлшынысыңыз кейде кедергісін тигізуі мүмкін. Бұл күні басшылықтың көзіне көрінгеннен гөрі тып-тыныш күнделікті міндетіңізді атқарып отырған жөн. Сөзіңізге абай болыңыз.

ТАУЕШКІ
Кәсіби және жеке тұрғыдағы көптеген мәселені бүгін оңды шеше аласыз. Кез келген қатаң сын сізге қорқынышты емес. Барлық жерден амал тауып шыға аласыз. Қаржыңыз аз болғанмен, үнемдеп, бәріне де жеткізесіз.

АРЫСТАН
Өзіңіздің сезімталдығыңыз бен дер кезінде жол таба білетін қабілетіңіздің арқасында бүгін жақындарыңызбен ардағы жақсы қарым-қатынасты сақтап қаласыз. Қоғамдық іс-шараларға қатыссаңыз, жаңа таныстықтар орын алады.

СУҚҰЙҒЫШ
Бүгін өзіңізді өмірдің еркесі сияқты сезінуіңіз мүмкін – себебі көп нәрсеге оңай қол жеткізесіз. Тағдырыңыз тағы да өзіңіз күтпеген жағымды сыйлық ұсынады. Бос уақытыңызды қызықты әрі мағыналы өткізесіз.

БИКЕШ
Бұл күні көп іс тындыруға тырысу керек. Қалыптасқан жағдай біраз күш салуыңызды талап етеді. Бірақ алатын марапатыңыз бен сыйақыңыз мол болады. Бұрыннан аңсаған арманыңызға қол жеткізуге мүмкіндігіңіз бар.

БАЛЫҚТАР
Сәттілік сіз жақта, ойланбай алға қарай ұмтылып, мақсатқа жетер жолда тек батыл әрекет етіңіз. Бұл ешқандай қиындық келтірмейді. Керек десеңіз, тәуекелге бел бууды талап ететін жоспарларыңызды да жүзеге асыра аласыз.

Ауа райы



«Қазақ энциклопедиясы» ЖШС ұжымы осы баспаның бұрынғы қызметкері, көрнекті жазушы Кәдірбек Сегізбайға ұлы

АЛТАЙДЫҢ

мезгілсіз қайтыс болуына байланысты ауыр қайғысына ортақтасып, көңіл айтады

«Алаш айнасы» газетіне жазылу индексі: 64259
Редакцияның мекенжайы: Алматы қаласы,050051, Бегалин көшесі, 148/1 А
e-mail: **info@alashainasy.kz**

Таралымы – 10 000 дана

Газет сейсенбі, сәрсенбі, бейсенбі, жұма, сенбі күндері шығады.

Кезекші редактор – Берік ӘШІМОВ

Алматы қаласы «Дәуір» РПБК ЖШС Қалдаяқов көшесі, 17-үй. Тел.: **8 (727) 273-12-04, 273-12-54** Тапсырыс – №1559

Астана қаласы «Астана-Полиграфия», Брусиловский көшесі, 87-үй. Тел.: **8 (7172) 37-05-59** Тапсырыс – №1143

Бағасы келісімді

Құрылтайшысы және меншік иесі – «ТОЛҒАУ» ЖШС
Директор – Александр Филимонович АН

Тарату қызметі (бөлшектеп сату және жазылу) тел.: **8 (727) 388-80-88**

Жарнама бөлімі тел.: **8 (727) 388-81-00 8 (727) 380-41-78**
e-mail: **alikulova.a@orangepoint.kz**

Газет 2008 жылдың 17 қарашасында ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде тіркеліп, бұқаралық ақпарат құралын есепке қою туралы №9650-Г куәлігі берілген.
Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.
Авторлар қолжазбасы өңделмейді және кері қайтарылмайды.
Көлемі екі компьютерлік беттен (14 кегль) асатын материалдар қабылданбайды.
«Алаш айнасында» жарияланған материалдар мен суреттерді көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.

Аймақтағы тілшілер:
Атырау – Бақытгүл БАБАШ, тел.: 87015533653
Қарағанды – Серік САҒЫНТАЙ, тел.: 8777 3909779
Жамбыл – Гүлжан КӨШЕРОВА, тел.: 8701 7711648
Қызылжар – Ербақыт АМАНТАЙ, тел.: 8 705 4418255
Қызылорда – Әділжан ҮМБЕТ, тел.: 8777 7054466
Өскемен – Азамат ҚАСЫМ, тел.: 8777 3554114
Шымкент – Шадияр МОЛДАБЕК, тел.: 8705 9877799
Орал – Тоқтар КЕНЖЕҒАЛИЕВ, тел.: 87756720806

Астана бюросы:
Мекенжайы: Сейфуллин көшесі, 31, офис 414«б»
Тел.: **8 (7172) 54-27-31**
E-mail: aa_astana@mail.ru
Айбын ШАҒАЛАҚОВ – Астана бюросының жетекшісі
Салтан СӘКЕН – тілші
Қанат ТОҚАБАЕВ – тілші
Арман АСҚАРОВ – тілші

Бөлім редакторлары:
Құбаш МЕНДІҒАЛИЕВ – саяси бюро, тел.: **388-80-72**
Берік ӘШІМОВ – нарық, тел.: **388-80-69**
Қалдар КӨМЕКБАЕВ – қоғам, тел.: **388-80-65**
Алмат ИСӘДІЛ – еркениет, тел.: **388-80-64**
Нұрғазы САСАЕВ – дода (спорт), тел.: **388-80-74**
Болатбек МҰХТАРОВ – жаңалықтар, тел.: **388-80-68**
Дәурен ҚҰДАЙБЕРГЕН – меншікті тілшілер қосыны, тел.: **388-80-62**

Айдын ҚАБА – жауапты хатшы
Талғат КІРШІБАЕВ – жауапты хатшының орынбасары
Нұрлыбай ИТЕКБАЕВ – тех.редактор
Күләш НАҚЫПОВА – аға корректор, тел.: **388-80-76**

Бас редактор – Серік ЖАНБОЛАТ
Мұратқали ДҮЙСЕНБАЕВ Бас редактордың бірінші орынбасары
Дархан БЕЙСЕНБЕКҰЛЫ Бас редактордың орынбасары

Алаш айнасы
Республикалық қоғамдық-саяси ақпараттық газет

Қабылдау бөлмесі: 8(727)388-80-60, факс: 8(727)388-80-61